



SEMEI tany

№ 114 (19741) 25 қараша, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күні Абай облысында кең көлемде аталып өтті. Семейдегі Абай атындағы кітапханада ұйымдастырылған «Алтын күз» салтанатты шарасы аясында өңірдің аграрлық саласында еңбек етіп жүрген үздік мамандар марапатталды.



Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің мерекесінде құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Берік Уәли аймақтың ауыл шаруашылығы саласында атқарылып жатқан жұмыстарға, агросаланың алдағы бағыт-бағдарына тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің форумында сөйлеген сөзінде «Жалпы, мемлекет пен бизнес ауылдағы барлық мәселені бірлесіп шешуі керек. Агроөнеркәсіппен айналысу үшін ауылға келген жас кәсіпкерлерді бағалаймын. Мемлекет те сіздердің еңбектеріңізді ұмыт қалдырмайды. Жауапкершілігі мол кәсіпкерлер мен инвесторлар ғана елдегі оң өзгерістердің нағыз көшбасшысы бола алады. Мемлекет сіздерге жан-жақты қолдау көрсетіп, лайықты бағалайды» деп айрықша атап өткен болатын. Абай облысының ауыл шаруашылығы саласы тұрақты дамып келеді.

Осы жылдың 10 айында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 404,3 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 100,8 пайызға жетті. Мал шаруашылығында 105,2 пайыз өсім болса, қайта өңдеу саласында жаңа зауыттар іске қосылып, техника паркі жаңартылуда. Бұл бағытта 15 млрд теңгеден астам субсидия және жеңілдетілген несиелер берілді, 446 бірлік жаңа ауыл шаруашылығы техникасы алынып, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік жасалды. Бұл жетістіктер – Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауы және Сіздердің маңдай теріңіздің, қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесі. Ауыл еңбеккерлерінің күнделікті еңбегі облыс тұрғындарын сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, өңір экономикасының дамуына елеулі үлес қосуда. Сіздерге шын жүректен алғысымды білдіре отырып, еңбектеріңізге мол табыс, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке ті-

леймін», – деді аймақ басшысы.

Мемлекеттік қолдау шараларының арқасында 10 айда 112,5 мың тонна ет (5,2% өсім) және 275,2 мың тонна сүт (6,2% өсім) өндірілді. Биыл өңірде 349 мың тонна астық, 258 мың тонна картоп пен көкөніс, 502,9 мың тонна майлы дақылдар жиналды. Облыстың ауыл шаруашылығы саласына жыл басынан бері 45,9 млрд теңге инвестиция тартылып, жалпы құны 12,8 млрд теңге болатын 8 инвестициялық жоба іске қосылды. Мерекелік шара барысында ауыл шаруашылығында еңбегімен ерекшеленген жандарға мемлекеттік және салалық марапаттар тапсырылды. «Ай-Ар» ЖШС басшысы Ербол Қабдрахманов, «Приртыш бройлер құс фабрикасы» ЖШС директоры Балтабек Наурызбаев «Құрмет» орденімен марапатталды. «Арай East Food» ЖШС бас технолога Людмила Балашова, «Көкжыра» өндірістік кооперативінің төрағасы Нұрлан Марқабаев (Ақсуат ауданы), «Жасмин» шаруа қожалығының басшысы Евгений Жбратов (Бородулиха ауданы), «BA AgroGroup» ЖШС механизаторы Мұхамедхан Асанбеков (Бесқарағай ауданы), «Саду» шаруа қожалығының басшысы Серік Мырзабеков (Жаңасемей ауданы) ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін алды.

Еңбек адамдары мен сала үздіктеріне «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медалдары, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі», «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілері, Қазақстан Республикасы Премьер-министрі мен облыс әкімінің Алғыс хаттары, Құрмет грамоталары берілді. Ерекше атап өтерлігі, биыл алғаш рет ауыл шаруашылығы саласының озаттарына 10 автотөкілтің кілті сыйға тартылды.

Олар «Үздік шопан», «Үздік зоотехник», «Үздік механизатор», «Үздік комбайншы», «Үздік бақташы», «Үздік агроном», «Үздік диқаншы», «Үздік жас маман», «Үздік технолог», «Үздік тракторшы» сияқты номинациялар бойынша анықталды. Облыс әкімі салтанатты шара аясында ұйымдастырылған көрмені тамашалап, өңірдің ірі және шағын кәсіпорындары ұсынған өнімдермен танысты.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен нашакорлықтың алдын алу және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік штабтың алғашқы отырысы өтті. Аудан-қала әкімдері жиынға бейнережимде қосылды.

ӨҢІРЛІК ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Отырыс барысында 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың орындалу нәтижелері, жастар арасында нашакорлықтың алдын алудағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы, есірткіге қарсы бағыттағы әлеуметтік сыртқы жарнаманың жай-күйі, жастарды салауатты өмір салтына тарту және спорттық іс-шаралар өткізу жайы талқыланды. Құн тәртібіндегі мәселелер бойынша полиция департаменті өкілі, ішкі саясат басқармасы, дене шынықтыру және спорт басқармаларының басшылары баяндады. Абай облысында нашакорлықтың алдын алу және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Полиция департаментінің дерегіне, өткен жылы өңірде 195 есірткі қылмысы тіркелген. Заңсыз айналымнан 415 келі есірткі заты тәркіленген. Нашакорлықтың алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қолға алынуда. Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрында жастарды теріс ағымнан қорғауға бағытталған «Белгісіз бағыт» спектаклі сахналанды.

Өңірде жастарды спортқа тарту басым бағыттардың бірі болып отыр. Дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше, 2024 жылы 350-ден астам спорттық-бұқаралық іс-шара өткізілген. Биыл 500-ге жуық іс-шара ұйымдастыру жоспарланған. Аймақ басшысы отырыста полиция департаменті мен тиісті басқармаларға бірқатар нақты тапсырмалар берді. Оқушылармен және ата-аналармен тұрақты профилактикалық әңгімелер жүргізіп, мектептерде квесттер, қойылымдар және интерактивті тренингтер ұйымдастыру арқылы жүйелі профилактиканы енгізіп, танымал спортшыларды тарта отырып, тұрақты түрде бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу қажеттігін айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Біз жастарды тәуелділіктің барлық түрінен және деструктивті ықпалдан қорғауға, қоғамда есірткі мәдениетіне нөлдік төзімділікті қалыптастыруға тиіспіз», – деп атап өтті. Келесі жылдан бастап өңір әкімдерінің нашакорлықтың алдын алу және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл саласындағы қызметіне рейтингті бағалау басталады. Бұл бағыттағы жұмыс Президент Әкімшілігінің бақылауында жүзеге асырылатын болады», – деді облыс әкімі.

«ST» - ақпарат

ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕТІН КҮН АЛЫС ЕМЕС

Облыс әкімі Берік Уәли қаланы аралау барысында шаһардың сол жағалауында салынып жатқан Оқушылар сарайының құрылысымен танысты.



Ғимараттың жалпы аумағы – 2,1 гектар, ауданы – 9 800 шаршы метр. Үш қабаттан тұратын орталық бір мезгілде 500 оқушыны, тәулігіне 1500-ге дейін баланы қабылдауға мүмкіндік береді. Жобаға сәйкес Оқушылар сарайы алты негізгі бағытта (ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, спорттық-сауықтыру, гуманитарлық, психологиялық және тарихи-өлкетану) қызмет көрсететін болады. Аталған бағыттар бойынша робототехника және бағдарламалау кабинеттері, шығармашылық студиялар, театр және музыка үйірмелері, денешынықтыру және спорт секциялары, білім беру курстары, әдебиет пен тіл үйірмелері, тұлғалық даму алаңдары және өңір тарихы мен мәдениетін зерттеу бөлімдері ашылады. Барлық бөлімдер өз бағытына сәйкес заманауи үлгіде жабдықталады. Келушілерге қолайлы болу үшін жаяу жүргіншілерге арналған көпір салынатын болады. Қазіргі уақытта нысанда инженерлік желілерді тарту жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау жұмысының 90 пайызы орындалған. Аймақ басшысы орталықты аралап, мердігерлерге жұмысты уақтылы әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

«Оқушылар сарайы – Мемлекет басшысының Абай облысын қайтадан құрғаннан кейінгі салынып жатқан бірінші ғимарат. Орталықтың тезірек ашылғанын тұрғындар, оқушылар мен ата-аналар күтіп отыр. Нысан қаланың ортасында орналасқан. Айналма жолдың қай жағынан келсеңіз де көрінеді. Ішінде әртүрлі үйірмелер орналасады. Семейдің оқушыларына таптырмайтын орталық болайын деп тұр. Тиісті қаржы бөлінді, Үкімет қолдап отыр. Сондықтан Президент тапсырмасымен салынып жатқан нысанның құрылысын сапалы, уақтылы аяқтауымыз керек», – деді облыс әкімі.

Өз тілшіміз

Облыс әкімі Берік Уәли Семей қаласының Водный және Восход кенттерінде жүргізіліп жатқан сумен қамту, жол жөндеу жұмыстарының барысын көрді. Аймақ басшысы нысандарды аралау барысында жергілікті тұрғындардың ұсыныс-тілектерін тыңдады. Тұрғындар ауыз су, жарық, электрмен жабдықтау, көшелерге асфальт төсеу, пошта, дәріхана, балабақша ашу мәселелерін көтерді.

ВОДНЫЙ ЖӘНЕ ВОСХОД КЕНТТЕРІНДЕ...

Облыс әкіміне Водный және Восход кенттеріне су құбыры желісін тарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды. Қазіргі уақытта аталған елді мекендерге 70 шақырымнан астам су құбыры тартылған. Сонымен қатар, екі кенттегі 1598 тұрғын үйге, «Келешек мектеп» жобасы аясында салынып жатқан мектепке, СВА-17 мекемесіне және №34 мектепке су құбыры жүргізілген. Восход кентінде 70 бағана мен шам орнату жұмысы аяқталған. Водный кентіне жыл соңына дейін 75 тірек шам орнату жоспарлануда. Биыл Водный және Восход кенттеріндегі №52 және №34 мектептердің маңына жаяу жүргіншілер жолы салынды. Сонымен қатар Водный кентіндегі төрт көшенің электр желілері жаңғыртылды. Восточный кентінде 500-ден астам баған ауыстырылып, екі трансформатор қойылып, біреуі жаңартылды. Сондай-ақ 18 шақырым кабель тартылды. Аймақ басшысы Геодезическая көшесінде жүргізілген орташа жөндеу жұмыстарымен де танысты. Биыл қалалық бюджет есебінен Засядко, Семипалатинская, Предгорная, Декоративная, Посмакова, Қосанов, Дулатов және Олимпийская көшелерінің жолдарына асфальт төселді. Ағымдағы жылы Водный және Восход кенттерінде жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында бірқатар жұмыс атқарылды. Ұзындығы 3 шақырымнан асатын жол орташа жөндеуден өтті. Сонымен қатар, аталған кенттердегі 30 көшенің жолына қиыршық тас пен құм-қиыршық тас қоспасын себу және профильдеу жұмыстары жасалды. Нысандарды аралап, тұрғындардың өтініш-тілектерін тыңдаған облыс әкімі қаланың шеткері аудандарының проблема-



ларын жақсы білетінін, өзекті мәселелерді шешу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

«Водный кентінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында биыл 600 орындық мектеп пайдалануға берілді. Спорт кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Алдағы уақытта Мәдениет үйі салынатын болады. Көшелер жарықтандырылады. Мұның барлығы тұрғындардың игілігі үшін

жасалып жатқан жұмыстар. Өзекті мәселелер бюджеттің мүмкіндігіне қарай біртіндеп шешіледі. Көтерілген мәселелердің барлығы біздің назарымызда. Қала әкіміне тиісті тапсырма берілді. Әр мәселені жеке, егжей-тегжейлі зерттеу керек. Сол бойынша қарастырып, кезең-кезеңімен шешетін боламыз», – деді аймақ басшысы.

Еркежан ҚАЙСА

ЖАҢАЛЫҚТАР

САРАПТАМА

АҚПАРАТ

KAZPOST

ЖЕКЕ ТҰЛҒА:
6 АЙҒА - 7071, 52 ТЕҢГЕ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА:
6 АЙҒА - 10371, 52 ТЕҢГЕ

1. Телефондарыңыздағы Каспий банктің QR-ын ашасыздар;
2. Газеттің аты тұрады;
3. Жазылу кезеңін таңдайсыздар (6 немесе 12 ай);
4. Жазылушының аты-жөні, телефон нөмірі сол парақшада;
5. Газет жеткізілу мекенжайы (жолға сыятындай етіп қысқартып жазу керек);
6. Төмендегі көк жолақты - «жалғастыруды» (продолжить) басу;
7. Ары қарай ақша төлеу.

SEMEI tany

Kaspi QR

Жазылым үшін ақы төлеу



2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР



ӨЗЕКТІ

ӨНЕРКӘСІП

АҚСУАТ

«ЕТ КОМБИНАТЫ» КОЛЛЕКТОРЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР БАҚЫЛАУДА

Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев қала аумағын аралап, бірқатар нысандардағы жұмыс барысын бақылады.

Қала басшысы Жамбыл және Би Боранбай көшелеріне барып, «Ет комбинаты» коллекторының инженерлік желілерінің құрылыс сапасын тексерді.

«Жұмысты сапалы орындау қажет. Әрбір жұмысқа мұқият қарап, белгіленген мерзімге сай аяқтау маңызды», — деп атап өтті Әділет Қожанбаев.

Еске сала кетейік, Әділет Нұрсағатұлы жақында БАҚ өкілдерімен өткізген баспасөз мәслихатында қаланың сол жақ бөлігінде орналасқан осы аумақтағы су тасымалдау коллекторының жағдайы сын көтермейтіндігін анық мәлімдеген болатын. Анығын айтқанда, «Ет комбинаты» бағытындағы көріз коллекторын тиімді әдіспен реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде. Диаметрі — 700 мм, ұзындығы — 5,4 шақырымға созылады.

Қосымша айтар болсақ, Семей қаласы бойынша сумен жабдықтау 4 ірі және 12 кенттік су қабылдағышпен қамтамасыз етіледі.

Қала әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, 2025 жылы су құбыры желілерін салу жөніндегі 11 жоба, сондай-ақ сумен жабдықтау мен су бұруды қайта жаңарту жөніндегі 3 жоба бойынша жұмыстарға қаражат бөлінген. Жоба аясында ұзындығы 1,93 шақырым болатын су құбыры желілеріне және 1,52 шақырым көріз желілеріне ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізілді.

Барлық атқарылып жатқан жұмыстар қала әкімінің тікелей бақылауында.



Жастардың таңдауы – денсаулық. Облыстағы «Жастар рухының» салауатты өмір салтын қалыптастыру жолындағы жүйелі жұмыстары жайлы айтсақ, Абай облысында соңғы жылдары жас буынның өмірлік ұстанымына айналып келе жатқан бір үрдіс бар — ол салауатты өмір салтын насихаттауға деген серпін. Бұл бағытта «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының облыстық филиалы ерекше белсенділік танытып отыр.

«ЖАСТАР РУХЫНЫҢ» ЖАРҚЫН ІСТЕРІ



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semey tanu»

Қоғамдық ұйымның бастамалары тек спорттық іс-шаралармен шектелмей, зиянды әдеттердің алдын алуға бағытталған кешенді жұмыстарымен де назар аударады. Өңірдің әр ауданында, әр білім ордасында, тіпті ауылдық округтерде де жастардың денсаулығын қорғауға арналған жаңа форматтағы кездесулер, семинарлар, спорттық жарыстар ұйымдастырылып келеді. Бұл – жас ұрпақтың бойында жауапкершілік, тәртіп, ерік-жігер және өз денсаулығына бейжай қарамау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған үлкен қозғалыстың көрінісі. «Жастар рухы» филиалының бастамасымен өткен бірқатар спорттық жобалар бүгінде көпшіліктің қолдауына ие болып үлгерді. Өсіресе «Чемпиондық рух» акциясы жастардың ең көп қатысуымен өткізіліп, көптеген жастар белсенділік танытқан еді. Футбол, волейбол, стритбол сияқты командалық ойындардан бөлек, жүгіру марафондарынан бастап велошерулерге дейін әр түрлі спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Ауылдық жерлерде де бұқаралық спорт дамуына серпін беріліп, ашық аспан астындағы жаттығулар дәстүрге айнала бастады. Өсіресе жасөспірімдер мен студенттер арасында спортқа қызығушылықтың артуы — филиал жұмысының нақты нәтижесі.

Осы орайда бүгінгі қоғамның үлкен айықпас дертіне айналып отырған шылым шегу мен алкогольдік тәуелділік және зансыз есірткі заттарын қолдану тақырыптарына да тоқталмай өтуге болмас. Себебі, жастар бүгінгі қоғамның қозғаушы күші деп алар болсақ сол жастардың зиянды әдеттерге емес спортқа әуестігін арттыру өте маңызды болмақ. Себебі, алкоголь мен темекіге қарсы күрес — қоғамды сауықтыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Зиянды әдеттердің алдын алу — бүгінгі таңда тек медициналық мәселе ғана емес, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары тақырып. Бұл бағытта «Жастар рухы» өз жұмысын жан-жақты ұйымдастырады.

Облыс

көлемінде «Zagarsyz Zhas» атты ақпараттық акция іске қосылып, онда жастар алкоголь мен темекінің ағзаға, ойлау қабілетіне, өмір сапасына тигізетін зардаптарын жан-жақты талқылады. Мектептер мен колледждерде дәрігер-наркологалар, психологтар және әлеуметтік педагогтар қатысқан 60-тан астам семинарлар өткізілді. Интерактивті форматтағы сабақтар, деректі видеороликтер, жеке оқиғалармен бөліскен мотивациялық кездесулер — осының барлығы жас буынға нақты өмірлік мысалдармен әсер етті. Әлеуметтік желілердегі түрлі челленждер де өңір жастарын ойландырып, зиянды әдеттен бас тартуға ын-талаңдырды. Абай облысында да өткен «Темекісіз бір күн», «Алкогольсіз ай» акциялары мыңдаған жасқа үлгі болды. Бұл бастамалар қауіпті әдеттердің қалыптасуына жол бермеу, саналы таңдау жасауға үйрету бағытында маңызды болып саналады.

Жастармен диалог, ашық әңгіме — тәрбиенің жаңа форматы деп білетін «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының Абай облыстық филиалының төрағасы Темірлан Бахтияровтың айтуынша, жастардың өзекті мәселелерін тыңдау, олармен ашық пікір алмасу да — «Жастар рухының» негізгі жұмыс бағыттарының бірі.

Жыл бойы өткізілген мотивациялық кездесулерге спортшылар, дәрігерлер, психологтар, қоғам белсенділері қатысып, өз өмір жолдары арқылы жас буынды дұрыс бағытқа бейімдеді. Өсіресе денсаулық, дұрыс тамақтану, уақытты тиімді пайдалану, стресті басқару тақырыптарында өткізілген тренингтер жастардың қызығушылығын тудырып, олардың өмір салтын қайта қарастыруына ықпал етуде. Еріктілер — үлкен өзгерістердің қозғаушы күші. Жастар қозғалысының тірегі — оның еріктілері. Бұл бағытта «Жастар рухының» ерікті жастары облыстың барлық аудандарында белсенді жұмыс атқарады. Олар ауылдық жерлердегі санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізіп, спорттық іс-шаралардың ұйымда-

стырылуына көмектесіп қана қоймай, әлеуметтік желілерде де зиянды әдеттерге қарсы ақпараттық материалдарды таратып отырады. Еріктілердің бастамасымен бірнеше ауылда спорт алаңдарының қажеттілігі туралы ұсыныстар жиналып, тиісті мекемелерге жолданды. Нәтижесінде бірқатар елді мекендерде спорт инфрақұрылымы жаңғыртылып, жаңа алаңдар салу жұмыстары да басталды. Жалпы жаман әдеттерден аулақ болу үшін адам баласы ең алдымен өзін тәрбиелей білуі қажет. Ол сонда ғана өскелең ұрпақ пен өзінен кейінгілерге үлгі көрсете алады,-дейді Темірлан Бахтияров.

«AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының облыстық филиалы өзге де тақырыптарды қамтиды. Олардың қатарына республика күніне орай «Менің Елім — Менің Туым» акциясы аясында мемлекеттік туілініп, елімізге деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін білдіретін игі бастама жүзеге асты. Сонымен қатар «Тарихқа тағзым» танымдық-экскурсиясы ұйымдастырылып, белсенді рухтастармен бірге Алаш зиялыларына арналған республикалық маңызы бар «Алаш арыстары — Мұхтар Өуезов» музей-үйіне тағылымды саяхат жасалып, экскурсия барысында қатысушылар Алаш қозғалысының тарихына терең үңіліп, ұлттың тәуелсіздігі мен руханияты жолында аянбай еңбек еткен тұлғалардың өмірі мен еңбектері жайлы тың деректермен танысуға мүмкіндік алған. Мұражайдың әр бұрышы — тарихтың үнсіз куәгері, әр жәдігер — елдік рухтың айғағы. Осындай тағылымды мол іс-шаралар жас буынның отансүйгіштік сезімін арттырып, өткенге құрмет пен болашаққа сенім ұялатады. Ал, «Ардагерлердің ардақтайық!» акциясы аясында еріктілер жалғызбасты әжелер мен ардагерлерге көмек көрсеткен. Қатысушылар есік алдындағы аумақты тазалап, үй шаруаларына қолғабыс етті. Бұл бастама үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сынды ұлттық құндылықтарды дөріптеуге бағытталған. Осы орайда Абай облысындағы «Жастар рухы» жастар қанаты атқарып отырған жұмыс — жай ғана шара емес, бүгінгі қоғамның денсаулығын жақсартуға бағытталған, құрмет көрсету үлгісін насихаттайтын және жан-жақты көптеген тақырыптар төңірегінде өзіндік орны бар үлкен қозғалыс іспетті.

Кез келген дені сау, ойы сергек, таңдауы дұрыс жас ұрпақ — кез келген мемлекеттің басты байлығы. Салауатты өмір салтын ұстанатын жастардың көбеюі, зиянды әдеттерден бас тартуға деген бетбұрыс — облыстағы жақсы өзгерістердің айқын белгісі. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тауып, өңір жастары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашары сөзсіз,-дейді Темірлан Бахтияров.

«Solo – интерьер» кәсіпорны 2007 жылы құрылған. Серіктестік 70 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Негізгі қызмет бағыты – корпус жиназдарын өндіру.

ЖАҢАРУ ЖОЛЫНДАҒЫ КӘСІПОРЫН



Мұнда асхана мен жатын бөлме гарнитурлары, үстелдер, орындықтар, шкафтар, кіреберіс жиһаздары және жеке тапсырыс бойынша жасалатын жиһаз түрлері шығарылады. Компания өнімі еліміздің барлық өңірлеріне, сондай-ақ ТМД елдеріне сатылып, облыстың экспорттық әлеуетін арттыруға үлес қосуда.

Кәсіпорын өзінің өндірістік базасын кезең-кезеңімен жаңартып келеді. Соның нәтижесінде Абай облысында баламасы жоқ, корпус жиһаздарын шығаруға арналған сандық бағдарламалық басқаруы бар жаңа технологиялық жабдық сатып алынды. Бұл өндіріс қуатын ұлғайтуға, өнім сапасын жақсартуға және тапсырыстарды орындау уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Облыс әкімі Берік Уәли кәсіпорынның жұмысын оң бағалап, өңдеу өнеркәсібін қолдау бағытында жергілікті әкімдік тарапынан қажетті қолдау көрсетілетінін атап өтті.

«Жиһаз өндірумен айналысатын «Solo – интерьер» — Семей қаласындағы өңдеу өнеркәсібін дамытып отырған серіктестік. Осындай шағын және орта кәсіпорындар жаңа технология енгізіп, нарыққа сапалы өнім ұсынып келеді. Халықтың қажеттілігін өтеп, қанша адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырсыздар. Біз отандық өндірісті әрдайым қолдаймыз», — деді аймақ басшысы.

Өз тілшіміз

Еркежан Қайса

БЕСҚАРАҒАЙ

КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖҰМЫС КЕҢЕСІ ӨТТІ

Бесқарағай ауданының орталығы – Бесқарағай ауылына облыс әкімінің орынбасары Садыр Ербол Әбілхайырұлы жұмыс сапарымен барды.



Сапардың негізгі мақсаты — ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысын саралап, алдағы міндеттерді айқындау болды. Осыған орай ауданға қарасты барлық ауылдық округ әкімдері мен дербес бөлім басшыларының қатысуымен кеңейтілген жұмыс кеңесі ұйымдастырылды.

Жиын барысында ауданның даму көрсеткіштері жан-жақты талданып, негізгі бағыттар бойынша атқарылған жұмыстар мен межеленген жоспарлардың орындалу деңгейі егжей-тегжейлі қаралды. Спикерлер әлеуметтік саладағы көрсеткіштер, экономикалық өсім, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған бастамалардың іске асырылуы жөнінде баяндама жасады. Кәсіпкерлікті дамыту, жаңа өндіріс орындарын ашу, инвестициялық және индустриялық-инновациялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері де күн тәртібінде болды. Аудан бойынша шағын және орта бизнеске қолдау тетіктерін кеңейту, жаңа жұмыс орындарын құру және өндірістік әлеуетті арттыру бағытындағы ұсыныстар ортаға салынды.

Сонымен бірге инфрақұрылымдық жобалардың орындалу барысы ерекше назарда болды.

СЕМЕЙ

«МЕН ӘЖЕМНЕН ҮЙРЕНГЕН АБАЙ СӨЗІ» ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Түркістаннан бастау алған Әжелер мектебі атты қасиетті бастаманы қолдап, өткен жылы облысымызда Әжелер алқасы құрылған болатын. Биыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған мерекелік іс-шараларға Әжелер алқасы да ат салысуды көздеп, «Мен әжемнен үйренген Абай сөзі» атты облыстық байге өткізу идеясын көтерген еді.



Бұл жыл тұтастай Абай Құнанбайұлының мерейтойы аясында болғандықтан, бұл да осы мерейтойға сәйкес қосымша болып саналады. Бұл байқау алдымен облысымыздағы он аудан мен екі қалада өткізіліп, одан кейін облыс орталығы Семейде қорытындысы шығарылады деп жоспарланған еді.

Міне, осы «Мен әжемнен үйренген Абай сөзі» байгесі Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Семей қаласындағы Мәдениет сарайында өткізілді. Жарысқа 5 жұл (әжесі мен немересі) қатысты. Үш кезеңнен тұратын байқаудың алғашқысында Абай Құнанбайұлының «Күз», «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма өрнеге» сияқты белгілі өлеңдері оқылды.

Екінші кезеңде әжесі мен немересінің бірлесуімен «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық

ай», «Қараңғы түнде тау қалғып» әндері орындалды. Байқаудың үшінші кезеңінде әжесінің немересіне Абайдың қара сөзін түсіндіру, пайымдау шеберлігі сыналды. Бұл арада сайысқа қатысушылардың тапқырлығы, білгірлігі әжелердің өнері бағаланды.

Бұл үш кезең барысында киіз үйдің ұлттық нақыштағы жасау-жабдықтары, дөңгелек үстел, майшам, дастарханның жанында әжесінің немересіне Абай өсиеттерін түсіндіріу көрсетілді. Сондай-ақ, залдағы жұртшылықты сүйсіндірген бір ерекше жайт – әжесінің де, немересінің де ұлттық киімдерінің әсемдегі сондай, сахна гүлденіп кеткендей болды.

Бұл арада әділқазылар алқасы да, мұқият шеберлікпен, ерекше әділдікпен өз міндеттерін атқарып жатты. Бұл бес жұптың үшеуі жеңіске жетті.

Бірінші орынды Райхан

Байтуленова мен немересі Айкөркем Аманкелді алса, екінші орынды Демеуова Мария Ақышқызы және немересі Айдина Каримова иеленді. Ал үшінші орынға Бақыт Төлеуғалиқызы және немересі - Айкөркем Қуатбек лайық деп танылды.

Және де олар облыстық байгеге қатысуға жолдама алды. Өрине, ереже бойынша бір жұп қана облыстық байгеге өту керек. Бірақ, жол жағдайы ауа-райына қарай қатынас жасауға мүмкіндік бермей жатқан жағдайда, осы үш жұптың үшеуі де қатысуда деп ұйғарылды. Бұл бәйге облысымызда алғаш рет өткізіліп отыр. Нәтижесі оңды болса, бұл салтанатты шараны жыл сайын, немесе екі жылда бір рет өткізуге болар. Бұл енді болашақтың еншісінде

Зере ОРАЗАЛИНА, журналист



Халқымыздың «Судың да сұрауы бар» деген тағылымы терең сөзі берек айтылмаса керек. Оны күнделікті тіршілік көзін тұтынған сайын қаперге алсақ, ұтылмасымыз анық. Бардың қадірін білуді меңзейтін осынау сөздің өзектілігі қашан да өміршең екендігі қазіргі күнде де анық байқалады. Жалпы, суды пайдаланудың маңызы мен өзектілігі әлемдік деңгейде көтеріліп отырғаны және белгілі.

Сол себептен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жол-

дауында еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе метал тәрізді табиғат байлығынан кем емес екенін атап өте келіп, Су ресурстары және ирригация министрлігін құрғаны өте маңызды қадам болды. Бұл елімізде су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту мәселесімен айналысуға кеінен жол ашты. Ал биылғы ақпан айында Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің № Ө-121 бұйрығы негізінде «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Абай облыстық филиалы құрылған еді.

Жарқынбек БАЙСАБЫРОВ:

«СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БАР»

ЖАҢАДАН МӨРТЕБЕСІН АЙҚЫНДАҒАН ОСЫНАУ МЕКЕМЕНІҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫН ОҚЫРМАН ҚАУЫМҒА КЕҢІНЕН ТАНЫСТЫРУ МАҚСАТЫНДА ФИЛИАЛ ДИРЕКТОРЫ ЖАРҚЫНБЕК БАЙСАБЫРОВПЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.

- Жарқынбек Борашұлы, мемлекет басшысы Қазақстан халқына биылғы Жолдауында су тапшылығының орын алу қаупі, оны пайдаланудағы жүйенің тозғандығы, су тұтынуға селқос қарау сияқты күн тәртібінде тұрған бірқатар мәселелерді көтерген болатын. Осыған байланысты, Президенттің тапсырмасын іске асыру бойынша қандай жұмыстар қолға алынды?

- Алдымен айтайын біздің мекеме өз дербестігін айқындап, жыл басында, яғни, ақпан айында құрылған болатын. Қысқа уақыт ішінде 17 адамнан тұратын әкімшілік-басқару қызметкерлерінің штаты құрылды. Бұдан бөлек, Ақсуат, Жарма, Көкпекті, Ақсуат және Үржар (Мақаншы және Аягөз аудандарының объектілерімен бірге) аудандарында өндірістік учаскелер қайтадан құрылды. Осыларды түгелдей қамтып айтар болсақ, жалпы 120 адам еңбек ететін кәсіпорын болып жұмысымызды атқарудамыз. Мекеме теңгерімінде жалпы 64 су шаруашылық объектілері бар. Оның 41-і магистралдық канал болса, 20-ы су торабы, 3-і су қоймасы. Ал облыс бойынша, су шаруашылығы нысандарының тозуын да айтар болсақ, 70 пайыз мөлшерінде деп айтуға болады. Нақтырақ айтқанда, Үржар ауданындағы Қарақол су қоймасының құрылысы аяқталмай қалған, дегенмен, алдағы жылдарда іске қосу мақсатында жобалық-сметалық құжаты дайындалып жатыр. 20 су торабының жетеуі ғана қанағаттанарлық жағдайда тұр. Су арналары бойынша жалпы ұзындығы 551,2 шақырымды құрайтын 41 су каналының 401 шақырымының тозығы жеткен.

- Су шаруашылығы инфрақұрылымының тозуын азайту, су шығындарын азайту бойынша өңірлік бағдарлама бар ма?

- Ия бар, ол Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың «2024-2029 жылдарға арналған кешенді жоспары бар. Бұл кешенді жоспар 2024 жылдың 28 тамызында үкіметтің № 694 қаулысымен бекітілген. Кешенді жоспарға сәйкес 2025 жылға облысымызда 14 жобалық сметалық құжаттамалар дайындауға тиісті қаражат бөлінді. Атап айтқанда олар 6 су қоймасы салынып, 1 су қоймасының құрылысы аяқталады, жалпы ұзындығы 354,7 шақырым болатын 28 магистраль каналы және 6 су торабына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілетін болады. Жоғарыда айтылған жұмыстар толық аяқталғанда суармалы жердің көлемі 15648 гектардан 40 169,0 гектарға көбейеді деп жоспарлануда. Сонымен қатар, қазіргі уақытта 2026 жылға бюджеттік өтінім әзірленуде. Жалпы сомасы 82 млн теңге көлемінде 4 өндірістік учаскелерде жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады, атап айтқанда Ақсуат ауданында ұзындығы 22,2 шақырымды құрайтын «Базар» магистралдық каналы, ұзындығы 20 шақырым «Ойшілік» каналдарын жөндеу жоспарланып отыр. Көпекті ауданы мен Үржар аудандарының магистралдық каналдарын жөндеу іске асады. Осы жоспарланған жөндеу жұмыстары аяқталған кезде, ауыл шаруашылығындағы су тұтынушыларға суды уақытында және сапалы беру мүмкіндігі туатын болады. Алайда шешуді қажет ететін проблемалық мәселелер аз емес. Себебі шаруааралық және ішкі шаруашылық каналдары колхоз бен совхоз тарап нарықтық кеңзеңге көшкеннен батсап қараусыз қалып, иесіз және тозығы жетіп ескірген. Көп каналдар еш жерде тіркелмеген, баланста жоқтығы да күн тәртібінде тұрғанын атап айтқан жөн.

ҚАРҒЫБА СУ ҚОЙМАСЫ ЖЫЛ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

- Ақсуат ауданындағы Қарғыба өзенінде жаңа су қоймасы қажет-



тігі күн тәртібінде тұр. Құрылыс жұмыстарын 2026 жылғы бастау жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта нысанды салуға қажетті құжаттар дайын ба?

- Бұл жобаны тікелей Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Молдиярұлының қолдауымен. Су ресурстары комитеті тарапынан Ақсуат ауданындағы Қарғыба су қоймасының жобалық сметалық құжаттамасы аяқталынып мемлекеттік экспертизада тексеруден өтуде. 2026 жылға құрылыс жұмыстары басталады деп жоспарлап отырмыз. Қосымша Дәулетбай магистралдық каналында қайта жаңғырту жұмыстарына жобалық сметалық құжаттама жүргізілуде. Жоғарыда айтылған жұмыстар толық аяқталғанда жүктелген аудан 5622 гектар болады. Қазіргі таңда Қарғыба өзенінде жаңадан су торабы салынуда. Ағымдағы жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі.

-Өңірде су қоймаларын салуға, ескілерін жөндеуге қатысты қандай жобалар бар?

- Ағымдағы жылы Шар су қоймасында қайта жаңғырту жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға беруге құжаттамалар жасалып жатыр. Абай облысы бойынша жалпы жаңадан 6 су қоймасы (Қарғыба, Келдімұрат, Көктерек, Қарабұта, Базар, Кіші бөкен) салынып жатыр. Сондай-ақ Қарақол су қоймасының (Қарақол) құрылысын аяқтау жоспарланып отыр.



зіргі кезде су мәселесі күрделі мәселелердің біріне айналып келеді көп жерлерде құрғақшылық болып су жетіспеу мәселері де орын алып отырғаны рас. Сондықтан суды максималді түрде үнемдеп рационалды және тиімді түрде пайдалануымыз керек. Осы мақсатта 2026 жылдан бастап шаруа қожалықтармен су беруге келісім шарт электронды түрде берілетін болып, төлем жасау онлайн түрде жүзеге асады деп, барлық есеп берулер ділектрондық түрде жүргізу жоспарланып отыр. Бұл бастамалар су берушімен тұтынушы арасында ашықтықты көрсету, су ұрлау фактілерін жою және суды үнемді пайдалану үшін жасалуда. Облысымызда Ертіс және Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы бар. Әр қайсының әр аудандағы гидротехникалық құрылыстарға өзіндік лимиттері бар. Мысалы Ертіс бассейндік инспекциясында 121,3 млн м3 су, Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясында 79,9 млн м3 су мөлшерінде жылдық лимит бекітілген. Лимиттен асқан жағдайда әр инспекцияның айыппұлдары қарастырылған.

МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫНАН АРЫЛДЫҚ

- Еліміздің су шаруашылығын басқару жүйесін реформалау тапсырылды, реформадан не күтесіз?

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауында Су мәселесін шешу – әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономиканы дамытудың кепілі және бұл – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басты фактордың бірі болып табылады деп нақты айтылған. Ең бірінші реформа ретінде арнайы тікелей осы саламен айналысатын министрлік құрылғанын айта кету керек. Қазіргі таңда су саласына да көзқарас өзгеріп келеді деп айта аламын. Ең басты материалдық базаларымыз нығайтылып, көп өңгерістер жасалып келеді. 2023 жылы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылғанның арқасында кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы 3 арнайы техника сатып алынды. Барлығы 2023 жылдан бастап техникалық базамыз 25%-ға жаңарды. Осының арқасында ағымдағы жылы 68 шақырым каналдарда механикалық тазалау жұмыстарын жүргіздік.

- Соңғы жылдардағы кейбір жағдайлар маман тапшылығын күн тәртібіне шығарып отыр. Су шаруашылығы саласындағы кадрлық әлеуетті арттыру және мамандар даярлау жүйесін жетілдіру мәселесі шешіліп жатыр ма?

- Расында да кадр мәселесі проблемалық жағдайлардың бірі. Бірақ филиал тарапынан қажетті мамандарымызды толығымен қамтып алдық. Алайда су саласында жетекші мамандардың тапшылығы бар екені қатты байқалып отыр. Осыған орай филиал тарапынан жоғары білімі бар 2 маман Қытай Халық Республикасында оқып келді. Орташа білімі бар 5 маман Алматы қаласында су тақырыбы бойынша біліктілігін арттырудан өтті, сондай-ақ орта білімі бар 29 су қызметкері 2 сағаттық онлайн оқытудан өтті. Қосымша барлық өндіріс учаскілерінде 7 адам еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Қызметкерлердің жалақысы да жылдан жылға көбейіп келеді. 2025 жылы жалақы 7% - ке өскен болса, 2026 жылы 15 пайызға өседі деп жоспарланып отыр.

**Сұхбаттасқан
Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ?
«Semei tanu»**

бұл жұмыстар облыс бойынша қарқынды даму үстінде деп айтуға болады. Облыс әкімі Берік Уәлиұлы да бұл жұмыстарды қолдап басты назарда ұстап отыр. Су арналарының бойындағы инженерлік инфрақұрылымды цифрландыру және автоматтандыру басты назарда. Жаңадан жасалынып жатқан жобаларға барлық жерлерге су есептегіш құралдарын орнату, затворларды автоматикалық ашып жабу жүйелерін енгізу, орталықтан басқару системасын орнату жұмыстары енгізілуде. Осы жұмыстарды жандандыру мақсатында 13 жыл бойы тазаланбаған Үржар ауданындағы 12,5 км «Отгонный» магистралдық каналын тазалау жұмыстары аяқталды және 1 км «Соединительный» каналын тазалау жұмыстары басталды. Соның арқасында келесі жылға «Алғабас» шаруа қожалығы 700 га дейін жерге тамшылатып суғару әдісін қоюды жоспарлап отыр. Қатынсу өзеніндегі су торабына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, келесі жылға осы су торабына тиесілі суғармалы жерлерден 1000 гектар жерді қосымша суғару жоспарлануда.

-«АУЫЛ» суды автоматтандыру және есепке алу, суды нормативтен тыс тұтыну үшін жоғары тариф енгізу жөнінде Су кодексіне тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажет деген ұсыныс жасаған еді. Бұл туралы не айтасыз?

- Ия ол мәселені дұрыс шешім деп санаймыз. Өздеріңіз білесіздер кө-



Мирас ДӘУРЕНБЕКҰЛЫ,
Ақсуат ауданының дене
шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы

Ауыл балалары мен жасөспірімдерін спортқа тарту арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту, жаттықтырушылардың біліктілігін арттырып, оларды жаңа дағдыларға бейімдеу - бүгін мемлекет назарында ұстап отырған мәселелердің бірі. Шалғайдағы таланттарды анықтап, кәсіби спортқа баулу, ауыл балаларының жаңа көкжиектерін ашып, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру арқылы үлкен жетістіктерге қадам жасауларына мүмкіндік ашуда спорттың маңызы зор.

Ақсуат ауданы соңғы жылдары спорт саласын қарқынды дамытып, бұқаралық спортты қолдау бағытында жүйелі жұмыстар атқарып келеді. Аудан әкімдігі мен дене шынықтыру және спорт бөлімі өз қызметінде еліміздегі маңызды құжаттарды – 2020–2025 жылдарға арналған бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кешенді жоспарды және 2023–2029 жылдарға арналған салалық тұжырымдаманы басшылыққа алуда. Нәтижесінде өңір спортында нақты қадамдар жасалып, тұрғындардың салауатты өмір салтына бет бұруы айқын көрінуде.

Ауылдық аймақтарда спорт нысандарының қолжетімділігі – жастардың бос уақытын тиімді өткізіп, салауатты өмір салтын қалыптастырудың басты алғы шарты. Соңғы жылдары ауылдық жерлерде спорт инфрақұрылымын дамытуға бағытталған нақты қадамдар жасалып келеді. Жаңадан салынған дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, қайта жөнделген мектеп спорт залдары, ашық футбол және волейбол алаңдары, көшпелі жаттығу тренажерлары ауыл өміріне тың серпін беріп, тұрғындардың спортпен айналысу мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтті. Бұрын тек аудан орталықтарына баруды қажет ететін көптеген спорт түрлері енді ауылдардың өзінде қолжетімді болып отыр.

Ауылдағы спорт нысандарының дамуы, ең алдымен, балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесіне оң ықпал етуде. Спорт залдарының жылыту, жарықтандыру, қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіріліп жаңартылуы жас спортшылардың күнделікті жаттығу жүргізуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар әрбір ауылдық мектептің жанынан жасанды төсенішпен жабдықталған шағын футбол алаңшаларының салынуы ауыл балаларының спортқа қызығушылығын арттырып, футбол, жеңіл атлетика, волейбол сияқты бұқаралық спорт түрлерінің дамуына жол ашты. Кейбір ауылдарда жеке көсікерлер мен жергілікті шаруашылықтардың қолдауымен спорт клубтары ашылып, балаларды тегін жаттықтыру тәжірибесі қалыптасып келеді.

Инфрақұрылымның жақсаруы ауылдық жерлердегі бұқаралық спорттың дамуына ғана емес, ұлттық спорттың өркендеуіне де ықпал етіп отыр. Ат спортына арналған алаңқайлар, көкпарға арналған арнайы орындар, ұлттық ойындарды өткізуге бейімделген кең алаңдар ауылда үлкен мәдени-спорттық шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл – ауыл спортының қолжетімді ғана емес, тартымды болуына да әсер ететін фактор. Спорт нысандарының жаңаруы ауыл жастарында кәсіби спортқа деген ынтаны оятып, аудандық, облыстық, тіпті республикалық жарыстарға жол ашатын дайындық базасына айналып келеді.


Ауылдағы спорт нысандарының дамуы – тек дене шынықтыру үшін жасалған жағдай емес, ауыл өмірінің сапасын арттыратын, жастарды бұқаралық спортқа тартып, қоғамдағы әлеуметтік белсенділікті өсіретін маңызды бастама. Инфрақұрылым жақсарған сайын, ауылдан шыққан жас спортшылардың да талай ареналарда жарқырай көрінеріне сенім мол.

18306 тұрғыны бар Ақсуат ауданында бүгінде 77 спорт нысаны халыққа қызмет көрсетеді. Оның ішінде 16 спорт залы, 1 спорт модулі, 1 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Ырғызбай Досқанаұлы атындағы орталық стадион, 10 хоккей корты және 45 әр түрлі жазық алаң бар. Соңғы үш жылда ауданның спорт инфрақұрылымы айтарлықтай жаңарып, бірдене шынықтыру-сауықтыру кешені, 16 шағын футбол алаңы, 2 воркаут алаңы, 6 хоккей қорбы салынып, орталық стадион күрделі жөндеуден өтті.

Бүгінде Ақсуатта 7764 адам спортпен тұрақты шұғылданады. Бұл – аудан халқының 42,4 пайызы. Аудандағы спорт кадрларының әлеуеті де мықты: М.Имашев атындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 40 жаттықтырушы, Бұқаралық және ұлттық спорт ойындары орталығында 15 бапкер жұмыс істейді. Сонымен бірге 65 дене шынықтыру мұғалімі мен қосымша білім беру ұйымдарының 34 оқытушысы

АҚСУАТ – СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕН ӨНІР

«Алыптар ауылдан шығады» деген бар. Шынында, ауыл спортын, оның ішінде жасөспірімдер спортын дамыту өте маңызды. Бүгінгі ауыл баласы спортқа жақын. Олар футбол десе, ішкен асын жерге қояды. Қазір ауылдарда волейбол мен футболдан үйірмелер тұрақты түрде жұмыс істеп, оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасалып отыр.



мектеп жасындағы балаларды спортқа баулууда. Олимпиадалық спорттың 8 түрінен, ұлттық спорттың 5 түрінен тұраты жаттығулар ұйымдастырылып, балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде 840, ал ұлттық спорт орталығында 432 бала спортпен айналысады. Ересектер құрамында 168 адам бар.

Жыл басынан бері аудан көлемінде 63 спорттық іс-шара өткізіліп, оған 9073 адам қатысты. Жыл соңына дейін тағы 12 ірі жарыс ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Түрлі деңгейдегі жарыстардағы жетістіктер аудан спортының қарқынды дамып келе жатқанын дәлелдейді. Мәселен, бокстан өзбекстандық турнирлерде жерлестеріміз 2 алтын, 2 күміс, 2 қола олжалап, республикалық ашық турнирлерден 11 алтын, 12 күміс, 6 қола иеленді. Дзюдошылар да жоғары нәтиже көрсетіп, республикалық жарыстардан 3 алтын, 5 күміс, 14 қола, облыстық сайыстардан 19 алтын, 12 күміс, 23 қола жеңіп алды. Волейболшылар 2025 жылы облыс әкімінің жүлдесіне арналған ауыл спорты ойындарында топ жарып, республикалық «Ақ бидай – 2025» ойындарына жолдама алды. Осы жерде айта кетейін, «Ақ бидай» спорттық ойындары, ел ішінде спортты дамытуға зор ықпал етіп келе жатқан дәстүрлі республикалық жарыс. Алғаш рет 1970 жылдары ұйымдастырылған бұл ойындардың басты мақсаты – ауылдық елді мекендердегі спортты жандандыру, бұқаралық спортты көңінен насихаттау, жасөспірімдер мен жастарды салауатты өмір салтына баулу. Жарыс ауыл спортшыларына үлкен арена-ларға жол ашып, кәсіби деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді. «Ақ бидай» тек спорттық сайыс ғана емес, ауыл адамдары біріктіріліп, ел ішіндегі ынтымақ пен бірлікті нығайтатын маңызды шара саналады.

Жыл сайын өтетін сайыстарға еліміздің барлық облыстарынан мыңдаған жас спортшы қатысады. Ойындар бағдарламасына жеңіл атлетика, қа-

зақша күрес, футбол, волейбол, баскетбол, шағын футбол, гир көтеру, тоғызқұмалақ, үстел теннисі секілді бұқаралық спорт түрлері енеді. Әр өңір өз мықтыларын дайындап әкеліп, ауыл жастарының шеберлігі мен спорттық деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар бәсекеге бейім, талантты жастарды анықтап, кәсіби спорт клубтары мен федерацияларға жолдама алуға үлкен мүмкіндік туады.

«Ақ бидай» ойындарының бір ерекшелігі – жарыстың ауылдық жерде туып-өскен, өңірлік спорт мектептерінде шыныққан жас спортшыларға бағытталуы. Бұл ауылдағы спорт инфрақұрылымын дамытуға, дене тәрбиесі мұғалімдері мен жаттықтырушылардың жұмысын көтермелеуге де ықпал етеді. Ойындар барысында мәдени бағдарламалар ұйымдастырылып, қатысушылар бір-бірімен тәжірибе алмасып, достық қарым-қатынас орнатады. Осылайша, «Ақ бидай» тек спорттық демеу емес, ауыл мәдениетін, дәстүрін, рухын көтеретін үлкен мереке ретінде қалыптасқан.

Бүгінде «Ақ бидай» – республика көлемінде танылған, ауыл спортының дамуына айрықша серпін беретін кешенді сайыс. Ол ауыл жастарына жаңа мүмкіндік ашып қана қоймай, ел ішіндегі дене тәрбиесі мен спорттың беделін көтеруге, талантты жастарды қолдауға, салауатты өмір салтын кеңінен насихаттауға зор үлес қосып келеді.

Ауыл өмірінің ажырамас бөлігі саналатын ұлттық спорт түрлері бүгінде ел арасындағы дәстүр жалғастығын, халықтың рухани қуаты мен мәдени тұтастығының көрінісі болып отыр. Ауылда туып-өскен жасөспірімдердің дене тәрбиесі көбінесе ұлттық ойындар арқылы қалыптасады. Көкпар, аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, тоғызқұмалақ, асық ату секілді ұлттық спорт түрлері ауыл жастарын ептілікке, батылдыққа, шапшаң шешім қабылдауға үйретеді. Осындай ортада өсіп шыққан балалардың спортқа бейімі ерте ашылып, елдік мінезі қалыптасады.

Соңғы жылдары ауылдық жерлер-

де ұлттық спортты жүйелі түрде дамыту бағытындағы бастамалар қарқын алып келеді. Бұл үрдіске серпін беруде бұқаралық спорттық шаралардың рөлі ерекше. Ұлттық спортта да Ақсуат ауданының абыройы асқақ. 2024–2025 жылдары аудан балуандары қазақ күресінен Қазақстан чемпионатында 1 күміс, 1 қола, республикалық турнирлерде 2 алтын, 2 күміс, 7 қола жеңіп алды. Тоғызқұмалақтан Қазақстан чемпионатында қола жүлде иеленіп, облыстық олимпиада кезеңінде 3 алтын, 1 күміс медальды жеңіп алды. Ақсуат жастары алғаш рет гир спортынан Қазақстан чемпионатында тарихи қолаға қол жеткізді. Сонымен қатар самбо, асық ату, көркем гимнастика бойынша да аудан спортшылары республика мен халықаралық деңгейде үздік нәтижелер көрсетуде. Спорт ардагерлері арасындағы жарыстарда да аудан намысы лайықты қорғалып келеді – дзюдодан, самбодан ел чемпиондары мен жүлдегерлері шықты. Өзбекстанда өткен әлем чемпионатында жерлесіміз 64 келі салмақта күміс жүлде иеленіп, ел мерейін асырды.

Аудан мұғалімдері мен дәрігерлері – тек өз саласының мамандары ғана емес, қоғамның рухани тірегі, үлгі тұтар азаматтары. Соңғы жылдары осы екі сала қызметкерлерінің спорттық шараларға белсенді қатысуы ауылдағы бұқаралық спорттың жаңа деңгейге көтерілуіне игі әсер етіп келеді. Мектеп мұғалімдері мен медицина қызметкерлерінің жаттығу залдарынан, спорт алаңдарынан жиі көрінуі тұрғындарды да жігерлендіреді. Олардың белсенділігі ауыл жастары үшін де үлгі болуда.

Мектеп мұғалімдері футбол, волейбол, үстел теннисі, жүгіру, жеңіл атлетика секілді спорт түрлерінен ауылдық және аудандық жарыстарға қатысып, жақсы нәтижелер көрсетіп жүр. Мұғалімдер арасында ұйымдастырылатын жарыстар ұжымның бірлігін арттырып қана қоймай, мектеп оқушыларының да спортқа қызығушылығын оятады. Өз ұстазының алаңда ойнап жүргенін көру – ауыл баласы үшін үлкен мотивация, спортқа деген ынтасын арттыратын қуатты күш.

Дәл сол сияқты, ауыл дәрігерлерінің спортқа қатысуы да ерекше мәнге ие. Денсаулық сақшыларының өзі спортпен шұғылданып, белсенді өмір салатын ұстануы – халық арасында салауатты өмір салтын насихаттаудың ең тиімді жолы. Дәрігердің өзі жүгіру марафондарына, велоспору, дене шынықтыру жаттығуларына белсенді қатысу арқылы ауыл тұрғындарына «денсаулық өз қолымызда» деген түсінікті нақты мысалмен көрсетеді. Дәрігерлер тарапынан жиі ұйымдастырылатын Денсаулық күні аясындағы жарыстар, спорттық акциялар, артериялық қысымды өлшеумен қатар жасалатын шағын жаттығу сабақтары ауыл тұрғындарының спортқа жақындауына ықпал етеді.

Аудан мұғалімдері мен дәрігерлердің ауыл спортының дамуына қосқан ең үлкен үлесі – өздері үлгі көрсетіп, спорт мәдениетін енгізуі. Олардың қатысуымен өтетін футбол, волейбол ойындары, арқан тартыс, жүгіруден жарыстар тұрғындардың бірлігін арттыратын маңызды шараға айналып келеді. Бұл үрдіс ауыл спортын жандандырып қана қоймай, жастардың да, ересектердің де дене шынықтырумен жүйелі айналысуларына серпін береді.

Сондықтан ауыл мұғалімдері мен дәрігерлерінің спорттағы белсенділігі – тек жеке қызығушылық емес, қоғамды сауықтыруға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, ауылдың өмір сапасын арттыруға ықпал ететін маңызды әлеуметтік құбылыс.

Қазан – мамыр айларында 14 спорт түрінен өтетін дәстүрлі мұғалімдер спартакиадасы мектептер арасындағы ынтымақтастық пен достықты нығайтып, мұғалімдердің шеберлігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жаттықтырушы-оқытушылардың біліктілігін арттыру да назардан тыс қалған жоқ. Бұл ретте Туризм және спорт министрлігінің оқу-әдістемелік орталығымен бірлескен семинарлар өткізіліп, 36 сағаттық курстар ұйымдастырылды. Бапкерлерге арналған медициналық нұсқаулықтың әзірленуі де – аудан спортының дамуына бағытталған маңызды қадам.

Спорт инфрақұрылымы да біртіндеп кеңеюде. Биыл Ойылік ауылында құрылысы басталған спорт модулі 2026 жылдың алғашқы тоқсанында аяқталмақ. Жалпы құны – 960 млн теңге, екі залдан тұратын нысан 1141 тұрғыны бар ауылдағы 300-ден астам оқушыға жаңа мүмкіндік сыйлайды. Екпін ауылында да 982 млн теңгеге спорт модулі салынып жатыр, биыл жыл соңында пайдалануға беріледі. 1574 тұрғыны бар ауыл үшін 800 шаршы метрлік спорт залы – өте маңызды инвестиция.

Ауылдық ауруханаларда емдік спорттың енгізілуі – тұрғындардың денсаулығын сақтаудағы маңызды бағыттардың бірі. Емдік дене шынықтыру (ЕДШ) созылмалы аурулардың алдын алу, жарақаттан кейінгі қалпына келтіру, жүрек-қантамыр, буын және омыртқа аурулары бар науқастардың жағдайын жақсартуда аса тиімді. Бұған дейін тек ірі қалаларда қолжетімді болып келген емдік дене жаттығулары қазір ауыл тұрғындары үшін де қолжетімді болып отыр. Ауыл ауруханаларының жанынан арнайы ЕДШ кабинеттерінің ашылуы, физиотерапия бөлімдерімен қатар жүргізілетін дене жаттығулары – ауыл денсаулығын жақсартудың жаңа мүмкіндігі.

Емдік спорт бағдарламалары әр науқастың жағдайына қарай жеке жоспар бойынша құрастырылады. Дәрігер-физиотерапевт немесе ЕДШ нұсқаушысы арнайы тыныс алу жаттығулары, буын қозғалғыштығын қалпына келтіретін жаттығуларды, омыртқа жүктемесін азайтатын қозғалыс терапиясын, сондай-ақ күнделікті тұрмыста әрекет ету дағдыларын оңтайландыруға арналған жаттығуларды үйретеді. Ауыл тұрғындары арасында бел омыртқасының аурулары, остеохондроз, гипертония, буын сырқаттары жиі кездесетіндіктен, емдік спорт осы дерттердің асқынуды төмендетуде үлкен рөл атқарады.

Ауыл ауруханаларындағы емдік спорттың тағы бір ерекшелігі – оның қолжетімділігі мен қарапайымдылығы. Бұл жаттығулар арнайы күрделі құрал-жабдықтар қажет етпейді. Көп жағдайда пациенттер ауруханада дәрігердің нұсқауымен үйренген жаттығуларды үйде де қауіпсіз орындап, өз денсаулығын жақсарты алады. Емдік дене шынықтыру жүрек пен өкпенің жұмысын жақсартуға, бұлшықет әлсіздігін азайтуға, қан айналымын жақсартуға, күйзелісті төмендетуге көмектеседі. Бұдан бөлек, қант диабеті, семіздік, артрит сияқты кең таралған аурулардың алдын алуға да үлкен пайдаланын тигізуде.

Медицинада емдік спортқа да көп көңіл бөлінеді. Себебі дәрі-дәрмекпен емдеудің әсерін күшейтіп, пациенттің өмір сапасын жақсартатын – дәл осы қозғалыс терапиясы. Ауылдық жерлерде жүргізілетін емдік дене шынықтыру сабақтары тұрғындарды өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Емдік дене шынықтыруға қатысатын ауыл тұрғындарының жағдайы жақсарып, еңбекке қабілеті артатыны тәжірибе дәлелденген. Сондықтан емдік спорт ауылдағы алғашқы медициналық көмектің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Бұл орайда аудандық орталық ауруханада емдік дене шынықтыру бағытындағы жұмыстар жоғға қойылып, кардиологиялық, неврологиялық, ортопедиялық науқастар үшін таңғы және кешкі серуендер, арнайы жаттығулар ұйымдастырылуда. Оңалту орталығындағы ем қабылдап жатқан тұрғындар да қол күресі, дойбы, шахмат, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, асық ату сияқты үйірмелерге қатысып, салауатты өмір салтын ұстануда.

Бұқаралық спортты дамыту, спортқа жанашырлық таныту, жас таланттарды қолдау – басым бағыттардың бірі. Жергілікті биліктің жүйелі жұмысы мен бапкерлердің еңбегінің нәтижесінде бүгінгі таңда Ақсуат ауданы өңір спортында айтарлықтай жетістікке жетіп отыр.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

«Қолжетімді әрі сапалы тұрғын үй әрбір қазақстандық отбасының әл-ауқатының кепілі болуы тиіс», – деп атап өткен болатын Президент.

Аудан бойынша биыл да тұрғын үйлердің құрылысы жалғасын тауып, кезекте тұрған баспанаға мұқтаж жандарға қолжетімді пәтерлер беру жоспарланған. Бұл жұмыстар халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және әр отбасының лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік қолдаудың маңызды бөлігі болып табылады. Биылғы жылы аудан көлемінде 96 пәтер салу және сатып алу жоспарланған.

Аудан тұрғындарының өмір сүру деңгейін қадағалап, халықтың әлеуметтік жағдайымен жете таныс болу әр басшы үшін де, мемлекеттік қызметкер үшін де үлкен жауапкершілік. Жалпы, 2020–2024 жылдар аралығында аудан аумағында 200 пәтер пайдаланылуға берілген. Бұл – аудандағы әлеуметтік осал топтардың баспанамен қамтылу деңгейін арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Аталған пәтерлердің барлығы кезекте тұрған отбасыларға заң талаптарына сай табысталған.

Биыл Ақсуат ауданында тұрғын үй құрылысы бірнеше ауылдық округте қатар жүргізілуде. Ақсуат ауылында екі пәтерлі 30 үй, яғни 60 пәтер, Ойшілік ауылында 10 үй, яғни 20 пәтер, Сәтпаев, Кіндікті және Көкжыра ауылдарында әрқайсысында қос пәтерлі 2 үйден, ал Құмкөл және Қарғыба ауылдарында бір-бір үй салу жоспарланған.

Барлық баспаналар жалға берілетін тұрғын үйлер ретінде салынып жатыр. Бұл – тұрғын үйге мұқтаж отбасылар үшін қолжетімді әрі тиімді шешім. Тұрғын үйлердің құрылысы аяқталған соң, баспаналар «Отбасы Банк» АҚ кезегінде тұрған отбасыларға табысталады. Әсіресе көп балалы отбасыларға, әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындарға және баспанаға шын мұқтаж азаматтарға берілетін. Мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылып жатқан бұл жобалар ауданның әлеуметтік тұрақтылығын арттырып қана қоймай, жүздеген отбасының тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік бермек.

Баспана құрылысы жөнінде аудан әкімі Еркін Ескендіров облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында жасаған баяндамасында да айтып өткен болатын.

– Тұрғын үймен қамтамасыз ету – әлеуметтік тұрақтылықтың, тұрғындардың сенімі мен қолдауының негізі екенін жақсы түсінеміз, – деген еді аудан әкімі.

Аудан басшысының айтуынша, өткен 9 айда тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші 108,2 пайызға орындалып, 8540 шаршы метрді құрап отыр. Ағымдағы жылы ауданда көп балалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға арналған 8160 шаршы метрді құрайтын екі пәтерлі 48 үйдің құрылысы жүргізілуде. Ақсуат ауылында 2 пәтерлі 9 үйдің, Ойшілік ауылында 2 пәтерлі 5 үйдің құрылысы аяқталған. Алдағы уақытта аталған жаңа баспаналар өз иелеріне табыстатылып, аудан тұрғындарының қуанышы еселене түспек.

ЖОЛ САПАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Ақсуат ауданында жолдардың жағдайын жақсарту да басты назарда тұрған міндеттердің бірі. Аудан аумағынан өтетін автомобиль жолдарының ұзындығы 697 шақырымды құрайды (республикалық маңызы бар автомобиль жолы – 178 шақырым, облыстық маңызы бар автомобиль жолы – 58 шақырым, аудандық маңызы бар автомобиль жолы – 461 шақырым). Аудандық маңызы бар 461 шақырым болатын автомобиль жолдары аудандағы барлық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында және түрлі жиындарда халықты сапалы баспанамен қамтамасыз ету, өңірлердің инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ өмір сүру сапасын арттыру бойынша нақты міндеттер қойғаны белгілі. Президенттің осы тапсырмасына сәйкес, Ақсуат ауданында баспанаға мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.



жолдың 66 пайызын құрайды.

– Аудандық маңызы бар жолдар мен елді мекендердің ішкі жолдарын орташа жөндеуге облыстық бюджеттен 754,4 млн теңге қаржы бөлінген. Атап айтқанда, аудандық маңызы бар Ойшілік ауылына кіреберіс 2,4-9,6 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстарына 580 млн теңге қаржы бөлініп, биыл 7,2 шақырым жолды асфальттау жұмыстары жүргізілген. Бүгінгі күні қосымша Ойшілік ауылына кіреберіс 9,6-20,2 шақырым жолына орташа жөндеу жұмыстарына (10,6 шақырым) 200 млн теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталып, келісімшартқа отыру жұмыстары жүргізілуде, – дейді аудан әкімі Еркін Ескендіров.

Сонымен қатар аудан бюджеті қаражаты есебінен Ақсуат ауылындағы Қабанбай көшесінің кіреберісінде орталық стадион жанында орналасқан шеңберге дейін ұзындығы 1,6 шақырымдық 2 жолақты жолды 4 жолақты автомобиль жолына кеңейту жұмыстарына 115,4 млн теңге бөлініп, асфальт жамылғысы төселген. Сондай-ақ аудандық маңызы бар 15 шақырым болатын Үштөбе ауы-

лына кіреберіс автомобиль жолына құм-аралас топырақ төгіліп, қырып-тегістеу жұмыстары жүргізілген.

– Аудандық маңызы бар Тана мырза, Есім автомобиль жолының 0-12 шақырым аралығына құм-аралас топырақ төгіліп, қырып-тегістеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ «Ақсуат» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің материалдық техникалық базасын нығайту мақсатында биылғы жылы аудан бюджетінен бөлінген 207 млн 500,0 мың теңге қаржыға арнайы техникалар сатып алынды. Төбiске өзeнiнде орналасқан көпiрдi қайта жаңғырту жұмыстарына 174,0 млн теңге бөлініп, судың арнасын күреп тазалау жұмыстары жүргізілді, қазіргі күні көпірдің тағанын құю жұмыстары атқарылуда, – дейді Еркін Кәдірбекұлы.

АУЫЗСУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРҮДЕ

Ақсуат ауданы бойынша ауызсу инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы жұмыстар жылдан жылға қарқынды түр-

де жүргізіліп келеді. Атап айтсақ қазіргі таңда 27 елді мекеннің басым бөлігі сапалы ауызсумен қамтылған, ал биылғы жылы бірнеше ірі жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен су құбыры желілерін жаңарту, жаңа станцияларды орнату және шағын аудандарға су тарту жұмыстары 2025–2026 жылдарға нақты жоспарланған.

Бүгінде аудан аумағындағы 27 елді мекеннің 14-і орталықтандырылған су құбыры желісінде қосылған. Қалған 13 елді мекенде су қамтамасыз ету инфрақұрылымы әртүрлі нысандар арқылы шешімін табуда: 3 ауылда – ұңғыма үстіндегі павильондар, 8 ауылда – блок-модульді станциялар ал, 1 елді мекенде су қондырғылары мүлде орнатылмаған. Жалпы алғанда, аудан бойынша елді мекендердің сумен жабдықталу деңгейі 96,3 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш ауданның инфрақұрылымды жаңғырту бағытында айтарлықтай ілгерілегенін дәлелдейді. Су жүйелерінің құрылуы және қазіргі жағдайына тоқталар болсақ, соңғы жылдары аудан ауылдарын ауызсумен қамтамасыз ету бағытында ауқымды құрылыс жұмыстары

атқарылған. 2017–2018 жылдары Сұлутал, Қожакелді, Қызылжұлдыз ауылдарында ұңғыма үстіндегі павильондар салынған болса, қазіргі уақытта бұл нысандар «Ақсуат» МКК теңгерімінде қызмет көрсетуде.

Сонымен қатар 2019–2021 жылдары Аққала, Көкбастау, Мүрсәлім, Егіндібулақ, Есім, Айнабастау, Ақжал және Алғабас ауылдарына блок-модульді су станциялары орнатылған болатын. Бұл станциялар әр ауылдық округтің теңгеріміне беріліп, тұрақты пайдаланылуда. Ауданның басқа елді мекендеріндегі жағдай да назардан тыс қалмағандығы байқалады. Базар ауылында әр үйдің жеке ұңғымасы бар болғандықтан, қосымша БМС орнату қажеттілігі жоқ деп танылған. Ал, Томар ауылында халық санының аз болуы су жүйесін тартуды экономикалық тұрғыдан тиімсіз ететіндігі белгілі болған. Ал аудандағы 2025 жылы жүзеге асырылып жатқан жобалар жайлы айтсақ, 2025 жыл аудан бойынша су құбыры желілерін жаңғырту жұмыстары ерекше қарқын алған кезең деуге болады. Қазіргі таңда бірнеше маңызды жобалар іске асы-

рылууда. Солардың бірі Көкжыра ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңғырту жұмыстары. Ауқымды жобалардың бірі болған Көкжыра ауылындағы ескі ауыл аумақтарына су тарту және су құбыры желілерін қайта жаңғырту болып табылады. Жоба құны 1 442 212,0 мың теңгені құрайды. 2025 жылы республикалық және облыстық бюджеттен 420 801,8 мың теңге бөлініп, бүгінде мердігер компания құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Жоба 2025–2026 жылдарға аяқталады деп жоспарлануда. Дәл осындай жұмыстар Кіндікті ауылында да қолға алынған су құбыры желілерін қайта жаңғырту жұмыстары мұнда да өз кезеңімен жүргізілуде. Кіндікті ауылындағы су жүйесін жаңарту үшін – 215 471,2 мың теңгелік жоба басталған болса, биылғы жылы оған 76 522,0 мың теңге қаржы қарастырылған. Құрылыс жұмыстары жоспарға сай орындалып, нысан келер жылы толық аяқталуы тиіс. Бұл жоба да 2025–2026 жылдарға жоспарлану үстінде.

Ақсуат ауылындағы су желілерін жаңартумен қатар жаңа шағын аудандарды да қамту жоспарланған. Аудан орталығында жүргізіліп жатқан ең ірі жобалардың бірі ретінде Ақсуат ауылында су құбыры желілерін қайта жаңғырту және Бөрітостаған мен Ет комбинаты шағын аудандарына жаңадан су тарту жұмыстарын айтуға болады.

Жоба сметасы 1 471 580,0 мың теңгені құраса, оған 2025 жылы облыстық бюджеттен 144 716,0 мың теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары нақты бағыт ала бастады. Сондай-ақ, Қарғыба ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңғырту жұмыстары да қарастырылып отыр. Жоба құны 195 565,0 мың теңге, ал аталған жоба бойынша 2025 жылы бөлінген қаражат көлемі 18 725,0 мың теңгеге мейеленген.

Бүгінгі күні жұмыстар жоспарға сәйкес жүріп жатыр. Ал, аудандағы және аудан ауылдарындағы көріз желілерін қайта жаңғырту бойынша көріз инфрақұрылымы да жаңартылууда. Ақсуат ауылындағы көріз желілерін қайта жаңғырту жобасының жалпы құны 1 115 026,0 мың теңгені құраған. Жоба 2024–2025 жылдарға жоспарлы түрде құрылып, өткен жылы басталған құрылыс жұмыстары қазіргі таңда толық аяқталып, нысанның қабылдау процесі жүргізілуде.

Қорыта айтқанда, аудан бойынша жүргізіліп жатқан су құбыры мен көріз желілерін жаңғырту жұмыстары тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталып отыр. Жыл соңына дейін атқарылып жатқан жобалар өз мерзімінде толықтай орындалса, алдағы уақытта Ақсуат ауданына қарасты елді мекендердің ауызсумен 100 пайыз қамтамасыз етілуіне сенім мол.

ЖОСПАРЛЫ ТҮСІНДІРУ ЖҮМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

2025 жылғы 17–21 қараша аралығында аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы, Жастар ресурстық орталығының SMM маманы, Ақсуат ауылдық округі әкімдігі аппаратының бас маманы, салық саласы маманы мен кәсіпкерлік бөлімі мамандары бірлесіп отырып, аудан аумағындағы кәсіпкерлік (сауда) орындары, қоғамдық тамақтану нысандары және басқа да қызмет көрсету орындары) жоспарлы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жұмыс барысында кәсіпкерлік нысандарына ақпараттық материалдар таратылып, көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың, сондай-ақ ас мәзірінің мемлекеттік тілде сауатты әрі дұрыс рәсімделуіне ерекше назар аударылды. Сонымен қатар бақылау-касса машиналарынан берілетін чектердің мемлекеттік тілде басып шығарылуы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Кәсіпкерлік нысандарының өкілдеріне Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының негізгі талаптарын түсіндіріліп, көрнекі ақпараттарда мемлекеттік тілдің әуелгі қолданылуы, мәтіндердің сауатты безендірілуі жөнінде нақты ұсыныстар мен әдістемелік кеңестер берілді.

Жүргізілген түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.



Эльзира СОЛТАБАЕВА
Абай облыстық
мәслихатының депутаты,
Бала құқықтары жөніндегі
аймақтық уәкіл

2016 жылы 10 ақпанда Балалар құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылған. Уәкілдің негізгі мақсаты – балалардың құқығын заң жүзінде қорғау, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимылы барысында балалардың бұзылған құқығы мен бостандығын қалпына келтіру. Осы мақсатта еліміздің әр аймағында 2022 жылдың тамызынан бастап бала құқығын қорғау жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілді. Мен осы бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдерінің қызметі қағидаларының аясында Абай облысының балалар омбудсмені қызметін қоғамдық негізде атқарамын. Бұл қызметтің негізгі мақсаты – әр баланың қауіпсіз, білімді және қамқорлыққа толы ортада өсуін қамтамасыз ету.

Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады. Бала атаулы қашанда ерекше қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж екенін ескерсек, бұл заң жүзінде реттеліп, бекітілуі тиіс. Ал «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Заңға сәйкес, тегіне, нәсіліне және ұлтына, әлеуметтік және мүлкітік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге деген көзқарасына және тұрғылықты мекенжайына қарамастан, барлық баланың құқығы тең. Алайда соңғы кездері мектепте оқушылар арасында қорқыту, қорлау, ұрып-соғу, зорлық-зомбылықтың жиілеп кеткені әлеуметтік желіде айтылып жүр. Бала құқығы заң жүзінде қорғалады дегенмен, талап орындалып жүр ме? Мұның салдарынан бұрын себебімен күресе аламыз ба?

2025 жылы облыста Закиева Динара Болатқызымен бірлескен жұмыс аясында балаларды қорғаудың екі бағытында нақты шаралар қолға алынды.

Бірінші бағыт – балалардың құқықтарын қорғау жүйесіне қатысты кешенді шаралар. Бұл бағытта облыс бойынша Отбасын қолдау орталықтары, психологиялық көмек көрсету орталықтары және мобильді топтар жұмыс істеп, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Психологтер мен әлеуметтік педагогтердің санын арттыру, қамқоршылық органдары қызметкерлерінің жұмысын күшейту, ауылдық клубтар мен мәдениет үйлерінің әлеуетін пайдаланып балаларға қосымша білім беру – барлығы да балалардың қауіпсіз ортада өсуін қамтамасыз ететін негізгі қадамдар.

Екінші бағыт – жеке өтініштер мен қылмыстық істер бойынша жұмыс. 2025 жылдың 9 айында 42 өтініш пен қылмыстық іс қаралды, оның жартысынан астамы буллингке қатысты. Сонымен қатар зорлау, жыныстық сипаттағы қудалау, жеке білім беру ұйымдарына шағымдар, балаларды оңалту орталықтарының жұмысына қатысты мәселелер қаралды. Әр цифр нақты баланың тағдырын білдіреді және бұл мәселелер мүдделі құрылымдармен бірлесіп жедел шешілуіде.

Облысымызда балаларға қолдау көрсету жұмысы ерекше назарда. Бородулиха ауданында

Балалардың құқықтарын қорғау – қоғамдағы ең өзекті және жауапты міндеттердің бірі. Балаға келер қауіптің алдын алу ең алдымен отбасынан басталады. Оны дұрыс жолға бағыттау – ата-ананың міндеті. Үйдегі тәрбие баланың іс-әрекетінің қандай екенін айғақтап тұрады. Олардың арасындағы буллинг те, қатыгездік те, бала құқығын таптау да осыған келіп тіреледі. Бұған қоғам болып тосқауыл қою керек...

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

алғашқылардың бірі болып ашылған Отбасын қолдау орталығы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар мен отбасыларға психологиялық, құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетеді. 2025 жылы Семей қаласында да осындай орталық ашылды. Психологиялық қолдау орталығы балаларға жедел көмек көрсету, сенім телефондары арқылы жедел хабарласу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қадрлық қамтамасыз ету жұмысы да нығайтылды: 6,7 млн балаға 398 қамқоршылық органы қызметкері жұмыс істейді, бұл көрсеткіш бойынша жыл ішінде 90 қызметкерге қосымша штат бөлінді. Бір қызметкерге орта есеппен 22 мың бала келеді. Қамқоршылық және қорғаншылық органдары балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша 28-ден астам функцияны жүзеге асырады, соның ішінде сот отырыстарына қатысу, интернат және бейімдеу орталықтарындағы балалардың жағдайын бақылау бар.

Өңірлік уәкілдер өз қызметін қоғамдық негізде атқара отырып, балалардың құқықтарын қорғауды өмірлік миссия ретінде қабылдайды. Абай облысында балалардың қауіпсіздігіне бағытталған осындай кешенді шаралар – әр баланың өмірін сақтап, оның дұрыс әрі қауіпсіз дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. Балаларды қорғау – бұл тек мемлекеттің емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Әр ата-ана, әр мұғалім, көршілер қауымы өз үлесін қосқанда ғана бала қауіпсіз, сүйіспеншілікке толы ортада өседі. Сондықтан балаларға арналған жүйелі қорғау бүгінгі күннің ең өзекті және өмірлік қажетті міндеті болып қала береді.

Біздің басты мақсатымыз – балалардың құқығын қорғау, құқығы бұзылған болса, оны қайта қалпына келтіру. Оқушылардың алаңсыз болуы ата-аналармен, жеке тұлғалармен, мемлекеттік ұйымдармен бірлесе шешіледі. Бізге облыстың білім басқармасы мен қалалық және аудандық білім бөлімдері бала құқына байланысты істе әрқашан қолдау білдіреді. Осы уақытқа дейін келіп түскен өтініштер аяқсыз қалған емес. Олар білім беру ұйымдарына комиссиялық тексеру жүргізу арқылы шешімін тауып жатады. Келіп түскен өтініштер тез арада қаралып, заң жүзінде жауап беріледі. Көбінесе көмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссиямен бірлесе жұмыс атқаруға тура келеді. Абай облысындағы білім беру ұйымдарынан оқушылар мен ата-аналар Instagram, Facebook жұмыс телефондары, ұялы телефон, электронды пошта арқылы сауал жолдайды. Қоңырауларға міндетті түрде жауап беремін.

Әлеуметтік желі арқылы келген өтініштерді үйлестіруші жазып алады, ақпараттар тексеріледі. Түрлі сұрақтар бойынша өтініштер келіп түседі. Мәселен, қатыгездік жасау, балалар арасындағы буллинг, инклюзия, балалар қауіпсіздігі, денсаулық сақтау, жұмысқа орналасудағы құқық бұзушылық, отбасындағы қолайсыз жағдай, зорлық-зомбылық, жәрдемақы алу жөніндегі кеңес беруге қатысты өтініштер. Қоғамдық негізде жұмыс істейтіндіктен, мәселені шешу кезінде облыстық салалық басқармаларының көмегіне жүгінеміз. Бақылауда тұрған мәселелерді дереу шешуге тырысамыз. Сұрақтар шешімін тапқаннан кейін де мәселе біздің назарымызда болады.

Өткен жылы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде Семей қаласында жасөспірімдердің көмелетке толмаған балаға күш көрсеткені түсірілген бейнежазба кеңінен тарал-



ды. Бұл жағдайды одан әрі ушықтырмау және балаға қосымша моральдық зиян келтірмеу үшін аталған бейнематериалды таратуды тоқтатуға шақырдық. Ерекше алаңдаушылық тудыратын жайт – кейбір блогерлер зардап шеккен баланың фотосуреттерін жариялау кезінде баланың психологиялық жарақатын тереңдете түсетіндерін ойламайды.

Кінәлілер жауапкершілікке тартылды. Барлық көмелетке толмаған азаматтардың құқықтары мемлекеттік деңгейде қорғалған және кепілдендірілген. Осы жерде айта кетеміз, ҚР "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 14-бабы 5-тармағына сәйкес, «зардап шеккен балалардың жеке басына қатысты және биометриялық деректерін, оның ішінде олардың фотосуреттері мен жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін кез

келген ақпаратты таратуға тыйым салынады».

Бала құқығын қорғауға байланысты түрлі вебинарлар өткізіліп, зиянды әдеттердің алдын алу бойынша бейнероликтер түсіріледі, кездесулер ұйымдастырылады.

Балалар – біздің барымыз, болашағымыз. Оларға физикалық, моральдық, эмоционалдық жағынан күш көрсетуге ешкімнің хақысы жоқ. Балаларға осы жағынан көмек береміз. Біз балаларды тек қорғап қана қоймай, олардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру қажет деп есептейміз. Балаларды көпшілік алдында дұрыс сөйлеуге, өзінің пікірін білдіруге, басқа балалардың құқығын аяқ асты етпеуге үйрету керек. Менің ойымша, бұл өте маңызды. Біз балалардың үнін ести білуіміз және соны тиісті органдарға жеткізе білуіміз қажет.

Гүлпam ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semey tany»

Өңірімізде балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету, жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алу мақсатында қолдау шаралары күшейтіліп, жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Бүгінде өңірде іске асырылып жатқан маңызды жобалардың бірі – буллингке қарсы финдік «KiVa» бағдарламасы. Абай облысы білім басқармасының Өңірлік психологиялық қолдау әдістемелік орталығының әдіскері Арайлым Байботанованың айтуынша, қазіргі таңда бұл бағдарлама пилоттық режимде 5 мектепте енгізілуде. Бағдарламаның негізгі мақсаты – балаларды қарым-қатынастағы агрессияға дұрыс жауап беруге үйрету, эмоцияларын басқару дағдыларын дамыту және мектеп қауымдастығының барлық мүшелерін – оқушыларды, ата-аналарды, педагогтерді – бірлескен жұмысқа тарту.

- Ата-ананың, достардың және мектептің қолдауы, сондай-ақ буллингтің алдын алу шаралары суицидтік мінез-құлықтың даму қаупін айтарлықтай төмендетеді. Жасөспірімдер үшін қолдауға ие болу өте маңызды. Мектеп пен отбасының бірігіп жұмыс істеуі балалар мен жасөспірімдерге психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Буллингке қарсы тиімді шаралар, сондай-ақ сенім мен қолдау көрсету – бұл суицидтік ойлар мен әрекеттердің алдын алудың басты әдістері. Буллингке ұшыраған жасөспірімдер өздерін жалғыз сезініп, эмоционалдық күйзеліске түсуі мүмкін. Аталған бағдарлама мектептерде жайлы, қауіпсіз және қолдауы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді деп күтілуде,- дейді Арайлым Байботанова.

Биылғы оқу жылында сондай-ақ

ӘЛІМЖЕТТІК ӘЛІ ДЕ БАР

Соңғы жылдары жасөспірімдер арасындағы суицид фактілері жылдан-жылға көбейіп, қоғамды алаңдатып отыр. Қайғылы жағдайға мектеп оқушылары арасындағы зорлық-зомбылық пен буллинг себеп болуы мүмкін.



299 мектепте буллингтің алдын алуға бағытталған қазақстандық «ДосболLIKE» бағдарламасы іске қосылған. Тамыз айында аталған бағдарлама аясында педагогтер мен мектеп басшыларына арналған ауқымды оқыту семинарлары өткен.

- Биыл тамыз айында екі рет облыс мектептерінің директорлары мен олардың орынбасарлары үшін арнайы тренингтер ұйымдастырылды. 250-ден астам педагог бағдарлама аясында оқытудан өтіп, тәжірибе ал-

масты. Ал 3–12 қыркүйек аралығында ата-ана, оқушы және педагогке қолдау ретінде «Баланың өлемі: түсіну, қолдау, қорғау» тақырыбында кең көлемді сессия да өткізілді. Сессияның басты мақсаты балалардың психоэмоциялық жағдайын жақсарту, ата-аналар мен педагогтердің психологиялық сауаттылығын арттыру және өңірде біртұтас профилактикалық кеңістік құру болды. Іс-шараға 59 191 адам қатысты. Барлық білім беру ұйымдарына арнайы әзірленген материал-

дар – ата-аналар жиналыстарының сценарийлері, ескертпелер, бейнематериалдар, фильмдерден үзінділер таратылды,- дейді Өңірлік психологиялық қолдау әдістемелік орталығының әдіскері Арайлым Байботанова.

Оның айтуынша, облыста балалар мен ересектерге жедел психологиялық көмек көрсету, қауіп-қатер тобындағы оқушыларды қолдау мақсатында мобильді топ құрылған. Жыл басынан бері топ мүшелері 67 күрделі жағдайды қараған. Мектеп психологтеріне, ата-аналар мен оқушыларға жеке консультациялар өткізіліп, профилактикалық іс-шаралар жүргізілген, телефон арқылы 674 өтініш қабылданған.

- Өңірлік психологиялық қолдау әдістемелік орталығының мамандары педагогтерге арналған кешенді әдістемелік ұсыныстар әзірледі. Онда «тәуекел тобына» қолдау көрсету, жас мамандарға тәлімгерлік жасау, педагог-психологтердің қызметін мониторгілеу, жазғы уақыттағы қауіпсіздік, суицид пен буллингтің алдын алу шаралары қамтылған.


Сондай-ақ балаларға, ата-аналарға және педагогтерге арналған жаңа бағдарламалар да дайындалды. Жаз айларында «Жарқын жаз – бақытты бала» акциясы өткізілді. Балалардың психологиялық және

әлеуметтік қауіпсіздігін нығайту, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мақсаты кезделген бұл акцияға 692 адам - 598 бала, 35 ата-ана және 59 педагог қатысты. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі осы қараша айының 10–14 аралығында облыс көлемінде апталық өткізді. Апталық барысында 1 437 іс-шара - оқушылар арасында мотивациялық тренингтер, тимбилдингтер мен профилактикалық әңгімелер, педагогтер үшін тренинг сессиялары мен дөңгелек үстелдер, ата-аналармен кездесулер өткізіліп, 37 891 адам қамтылды. 330 педагог «Өркен» КеАҚ институты ұйымдастыраған «Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбындағы курстардан өтіп, біліктіліктерін арттырды,- дейді Арайлым Байботанова.

Арайлым Байботанованың айтуынша, мектептердегі әлімжеттіктің алдын алу, педагогтердің құзыреттілігін арттыру, ата-аналармен және оқушылармен тығыз байланыс орнату өңірде біртұтас қолдау жүйесінің қалыптасуына ықпал етіп отыр.

Психологтер де балалар мен жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салуына көбінесе буллинг себеп болады деп санайды.

- Жалпы, жасөспірімдік кезең – адамның тұлғалық қалыптасуындағы ең маңызды әрі күрделі кезең. Бұл кезеңдегі эмоционалдық тұрақсыздық, өзіне деген сенімнің әлсіреуі, әлеуметтік ортадағы қысым және гормоналдық өзгерістер баланың мінез-құлқына әсер етіп, депрессия мен суицидтік мінез-құлықтың даму қаупін арттыруы мүмкін. Осы мәселеге жалпы қоғамның тереңірек назар аудару өте маңызды,- дейді ЖОББМ №48 мектептің психолог маманы Еркегүл Сәтиева.



Осындай күрделі жағдайда да маңдай терімен тіршілік жасап, экономиканың ең ауыр салмағын иығымен көтеріп отырған шаруа қожалықтары бар. Солардың бірі - Мырзағали Аяпбергенұлы басқаратын «Аят» шаруа қожалығы. Бұл қожалықтың тарихы - бір отбасының шөжіресі ғана емес, бүгінгі ауылдың ахуалын, ауыл шаруашылығы саласының проблемаларын айна-қатесіз көрсететін әлеуметтік құбылыс.

Мырзағали Аяпбергенұлы Мәдениет ауылында дүниеге келіп, жастайынан еңбекке араласты. Техникаға қызығушылығы ерте байқалып, 1973–1974 жылдары Аягөздегі ДОСААФ автомотоклубында оқып, жүргізуші куәлігін алып шықты. Әскерден оралған соң ауылдағы тұрмыс-жөндеу комбинатында еңбек етіп, кейіннен Семейдегі автомеханикалық техникумда білімін жетілдірді. Оның автомеханик, гараж меңгерушісі, инженер, МТС басшысы болып жұмыс істеуі - ол өмір сүрген кезеңде ауыл инфрақұрылымының қалай қалыптасып, қалай дамығанын көрсететін дәлел.

1997–2018 жылдары Баршатас ауылындағы ДЭС, АЭС, ВК РӨК құрылымдарында көлік гаражының шебері болып қызмет еткен жылдары ауылдың тұрмыстық тіршілігі бір ғана механиктің шеберлігі мен жауапкершілігіне қарап тұрғанын аңғартты. Ауылда жарық сөніп қалса - механик кінәлі, көлік жүрмей қалса - механикке жүгінеді. Бұлар көпшілік үшін ұсақ мұхнат, бірақ ауылдағы күнделікті өмірдің негізгі өзегі. Осы ауыр еңбек жолы оның кейін шаруа қожалығының жетекшісі ретінде жүйелі жұмыс жүргізуіне тура келді.

Мырзағали Аяпбергенұлының «Аят» шаруа қожалығын ашуы - кездейсоқ шешім емес. Бұл ауылдағы нақты қажеттіліктің, нарықтың сұранысының және елдің азық-түлік қауіпсіздігіне деген жауапкершіліктің нәтижесі.Бүгінде «Аят» - асыл тұқымды қазақтың ақбас сиырын және жылқы шаруашылығын дамытып отырған қожалық. Қожалықтың өнімдерін сонау оңтүстіктен, Алматы мен Шымкенттен арнайы келіп сатып алып кетулерінің өзі -ауылдағы еңбектің сапасын дәлелдеудің жарқын мысалы. Субсидия қожалықтардың аяқтан тұруына үлкен қолдау. Ауыл шаруашылығы саласына мемлекеттік қолдаудың тиімділігі туралы мәселе бөлек талқылануы тиіс үлкен тақырып.

Бүгінгі таңда «Аят» шаруа қожалығында сегіз адам тұрақты жұмыс істейді. Бұл – сегіз жанұяның ауылдан көшпей қалуына әсер етіп отырған әлеуметтік тұрақтандыру механизмі. Қазіргідей ауылдан қалаға үдере көшу кебіген уақытта әр жұмыс орны ауыл үшін стратегиялық ресурс.

Алайда осының өзінде «Аят» қожалығы елдің барлық шаруа қожалықтарына тән, бірақ ашық айтылмай жүрген басты проблемамен бетпе-бет кел-

"АЯТ" ҚОЖАЛЫҒЫ: ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ДАЛА ТІРЕГІ

Қазақ қоғамында ауыл шаруашылығы туралы айтылғанда жиі естілетін бір түсінік бар: «Ауыл — елдің түп тамыры». Алайда тамырдың қуаты азайса, ағаштың да өсуі тежелері анық. Бүгінгі Қазақстанда ауылдың мәселесі - жеке бір елді мекеннің ғана емес, тұтас мемлекеттің стратегиялық проблемасы болып тұр. Ауылдағы кадр тапшылығы, инфрақұрылымның құлдырауы, ауылдан жаппай көшу, мал шаруашылығындағы жүйесіздік - бұл күнделікті өмірде сезілетін, бірақ мемлекеттік деңгейде толық шешімін таппай келе жатқан түйткілдер.



ліп отыр: малшы жоқ, «Малшы жоқ» деген сөз -жай ғана «қызметкер таппай жатырмыз» деген тіркес емес. Бұл - Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы жүйелі проблеманың маңыздысы.

Малшы жоқ болса -мал шаруашылығы дамымайды. Мал шаруашылығы дамымаса - ішкі нарықта ет тапшылығы туындайды. Ет тапшылығы бағаның өсуіне, бағаның өсуі әлеуметтік шиеленіске әкеледі. Демек, қарапайым бір қожалықтың малшы таба алмауы - экономиканың тізбекті жүйесінің бүкіл буынын шайқалтатын фактор.

Қазақстандағы мал шаруашылығының әлеуеті қағаз жүзінде жоғары болғанымен, іс жүзінде оны толыққанды дамытпай отырған жүйелік кемшіліктер аз емес. Соның ішіндегі ең үлкен түїін — ел көлемінде етті өңдеп, өткізетін толық циклді ет комбинаттарының тапшылығы. Бұл проблема ауылдағы шаруа қожалықтарының дамуын тежеліп қана қоймай, ұлттық экономиканың азық-түлік қауіпсіздігіне де тікелей әсер етуде.

Бүгінгі таңда Қазақстанда мал басы аз емес, бірақ сол малдың етін тиімді өткізу мүмкіндігі өте шектеулі. Қожалықтар жыл он екі ай маңдай термен тапқан өнімдерін көбіне шикі күйінде, өңдеусіз, қосымша құнсыз сатуға мәжбүр. Себебі етті заманауи тәсілмен бөліп-жіліктеп, вакуумдап, экспортқа жарамды форматта дайындайтын ірі класты өндірістік кәсіпорындар жетіспейді. Бұл - жай ғана өндірістің аздығы емес, ауыл шаруашылығы нарығын әлсірететін, шаруаларды дедлдалға тәуелді ететін жүйелі тосқауыл.Ең сорақысы - біздің фермерлер өлі күнге дейін өз өнімін толық өңдей алмай, кейде тіпті арзан бағаға өткізуге мәжбүр. Ал дамыған елдерде фермер тек мал өсіріп қана қоймайды, өңдеу зауыты мен өткізу тізбегінің толық мүшесі. Қазақстанда бұл өлі де арман күйінде. Ет комбинаттарының жетіспеушілігі бірнеше ауыр салдарға әкеліп отыр, фермерлер өнімін арзанға сатуға мәжбүр, ішкі нарық толық тұрақтанбауы себебінен экспорттың әлеуеті әлсіреуде. Ауылда мал шаруашылығына қамқорлықтың төмендеуі келешекте азық түлік тапшылығына апарып соғуына апаратын қауіп екенін де назарда ұстау қажет.Яғни, ет комбинаттарының тапшылығы- тұтас саланы тежейтін стратегиялық проблема.

Сонымен қатар, ауылдағы нақты еңбек адамы — малшының тағдыры да ұмыт қалып келеді. Малшы -тек жұмысшы емес, ол жыл он екі ай таби-



ғатпен бетпе-бет жүретін, дене еңбегінің ең ауыр түрін атқаратын маман. Бірақ олардың әлеуметтік мәртебесі осы еңбегіне лайық емес. Қазіргі заң бойынша малшылардың зейнетке шығу жасы қарапайым азаматтармен бірдей - бұл әділетсіздік.

Малшының жұмысы - кәдімгі шахтер немесе әскери адамдікіндей төтенше жағдайда өтеді. Қыстың қақаған аязы, жаздың аптап ыстығы, түннің қараңғылығы, боран мен жаңбыр - бәрі малшылар қауымын демалыс, үзіліссіз жұмыс істеуге мәжбүр етеді.. Бұл - денсаулықты тоздыратын, тіршіліктің ауыр салмағын көтеретін еңбек. Олай болса, неге олардың зейнет жасы жеңілдетілмейді?Егер мемлекет ауыл шаруашылығын шынымен дамытқысы келсе, онда малшылықты да арнайы әлеуметтік топ ретінде тануы қажет. Әскерилер мен күш құрылымдары қызметкерлері зейнетке 45–50 жас шамасында шығатынын ескерсек, малшылардың да еңбек ауырлығы дәл солардан кем емес. Қайта, кей жағдайда одан да ауыр.

Сондықтан малшылардың зейнет жасын 60-қа дейін қысқарту, тіпті 50–58 жас аралығында кезең-кезеңімен зейнетке шығу жүйесін енгізу — уақыт талабы. Бұл ұсыныс бірнеше нәтижеге қол жеткізеді:ауылда малшы мамандығының беделі артады, жастар бұл салаға қызығушылық танытады, кадр тапшылығы азаяды, ауыл шаруашылығының тұрақтылығы күшейеді.Яғни, малшының қадірін көтермей мал шаруашылығын дамытамыз

деу — бос өңгіме.

Сондықтан мемлекет ауыл үшін дәл қазір ең қажет екі мәселені шешкені жөн:ет комбинаттарын салу және малшылардың әлеуметтік мәртебесін заң жүзінде көтеру. Бұл - ауылды тыныстандыратын стратегиялық қадамдар.

Ауыл жастарының қалаға көшуінің тағы бір себебі - адамның қалауы емес, жүйенің мәжбүрлеген таңдауы. Өйткені ауылдағы инфрақұрылым әлсіз, тұрмыс деңгейі төмен, әлеуметтік қолдау жеткіліксіз. Ауылдық мектептердің сапасы төмендеп, медицина саласы әлсіреп, мәдени орта жұтаңдап бара жатқанда жастардың ауылда қалуы қиын. Мұндай жағдайда малшылық мамандық емес, «амалсыздықтан қалдырылған кәсіп» ретінде қабылданып отыр.Ал малшының еңбегі әлі күнге дейін өзінің лайықты бағасын алған жоқ. Ескі көзқарас бойынша малшы -«мардымсыз еңбектің иесі» ретінде көрінеді. Бірақ шындық керісінше.малшы - мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігіне жауапты стратегиялық қызметкер. Қой бағып жүрген адам - экономикалық жүйенің көлеңкеде қалған басты буыны. Осыны мойындамайынша, ауыл шаруашылығының болашағы туралы да үлкен сөз айту қиын. «Аят» қожалығының қазіргі жағдайы осы шындықты ашық көрсетіп отыр. Қожалықтың қора-қопсысы бар, мал басы өсіп келеді, субсидия бар, сұраныс бар -бірақ істі алға сүйрейтін адам жоқ. Бұл -Қазақстан ауыл шаруашылығының бүгінгі ең өзекті түйіні.

Ауылдағы кадр тапшылығы - ауылдың құлдырауының басты себебі. Егер мемлекет ауылға жаңа саясат ұсынбаса - Қазақстан қалаларының айналасы босап қалған ауылдармен қоршалыады. Қазірдің өзінде көптеген өңірлерде ауылдан көшу қарқыны жыл сайын артып келеді. Бұл - демографиялық қауіп. Ауылдың әлсіреуі елдің тамырсыздануы деген сөз.

Міне, дәл осы тұрғыдан алғанда «Аят» шаруа қожалығы -бір қожалықтың емес, тұтас ауылдың симптомын көрсететін маңызды мысал. Бұл қожалықтың тағдыры -Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының тағдыры. Бұл жерде бір адамның ғана еңбегі емес, бір саланың қай бағытқа бет алғаны, ауылдың болашағы қандай болатыны айқындалады.Дегенмен, осындай қиындықтарға қарамастан, «Аят» қожалығы өлі де тіршілігін жүргізіп, ауылдың әл-ауқатын ұстап қалуда. Бұл -бір адамның табандылығының, елге деген адалдығының арқасы. Мырзағали Аяпбергенұлы -бала кезінен еңбекке араласқан, өмірінің барлық кезеңінде ауылдың дамуына үлес қосқан, қазір де сол жолдан таймай келе жатқан азамат.

Екі баласының қызығын, бес немересінің шатығын көріп отырған ол — ауылдағы үлкен әулеттің ақылшысы, өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі боларлық тұлға.Алайда жеке азаматтың қайраы тек мен адалдығы мемлекеттің жүйелік мәселелерін шеше алмайды. Бұл – ойлануды қажет ететін салмақты ой.

Егер Қазақстан ауыл шаруашылығы саласында нақты реформа өткізгісі келсе, субсидияларды көбейтуден бұрын, инфрақұрылымынан бұрын, техникадан бұрын ең алдымен ауылдағы адам проблемасын шешуі тиіс.Малшы, механизатор, шопан, бақташы - бұлар тек кәсіп иелері емес. Бұлар -мемлекет қауіпсіздігінің тірегі.

«Аят» қожалығы - осы шындықты дәлелдеп тұрған нақты мысал.

Риза АСАНҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

ТҰЛҒАЛАР ЕСІМІН ҰЛЫҚТАУ - ПАРЫЗ

Аягөз ауданында рухани дүниеге мән беру, ел мен жерге тұтқа болған тұлғаларды ұлықтау кенжелеп қалғаны жасырын емес. Олай деуімнің бір ғана дәлелі – қазақ жазба әдебиетінің негізін салған ұлы Абайдың ұстазы болған, шығармаларында азаттық ойларын баса айтып, Алаш идеясының бастауында тұрған Дулат Бабатайұлының есімімен аталатын бір көшенің болмауы.

қосқан үлесіміз әрі Құлмат марқұмның алдындағы парызымызды орындағанымыз болмақ.

Бұл күндері туған өлкесінде есімі атаусыз жатқан тұлғалардың бірі – Аягөз өңірінде саналы өмірін өткізген ел ардақтысы Ақтайлақ би Байғараұлы. Тарихи деректерде 1773 жылы Болат хан Ақтайлақ биді Қытай императоры Цянь Луньге елші ретінде жібергені, ақынның ел мүддесіне қатысты келелі шешімдер қабылдағаны туралы айтылады. Ауызша, жазбаша жеткен тарихи-әдеби деректерде Ақтайлақ бидің жасынан елге қамқор болғаны, мал ұрлаумен халықтың берекесін кетірген барымташыларға қарсы шығып, сотқар-тенектерді жатқаған сол заманның кейбір парақор билеушілерін көптің алдында батыл әуялап, әділдік орнатқан адал қазы ретінде сипатталған.

Байғара бидің кіндігінен тараған он жеті ақынның бастауында тұрған атақты Ақтайлақ бидің есімін Аягөз қаласындағы Қалалық қазақ мектеп-лицейіне беру туралы ұсынысымды да құптаған А.Нұғымаров кемеңгер тұлғаның есімін ұрпақ санасында жаңғырту жолында атқарушы орган мен зиялылар біріге жұмыс істейтінін жеткізді.

Айбек Серікболұлы ғұлама тарихшы Құрбанғали Халидидің есімін ұлықтау туралы ұсынысты да бірден қолдады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, фольклорын, ежелгі жер-су аттарын, этнографиясын терең зерттеп, бір өзі бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысын атқарған Құрбанғали Халиди 1846 жылы Аягөз қаласының маңында дүниеге келген. Аягөз өңіріндегі медреседен сауатын ашып, ұлы ақынымыз Абаймен тұтас Семейдегі Ахмед Риза медресесінен білім алған, көптеген тілді меңгерген ғалым Құрбанғалидың келер жылы өмірге келгеніне 180 жыл толады. Ұлтымыздың, тіпті түрік тілді халықтардың руханиятында ойып тұрып орын алатын, еңбектері Түркия елінде жоғары бағаланған Қ.Халидидің атында туған жері Аягөзде кішкене ғана көше бар. Ғылым-білім дамымаған, жол қатынасы, тағы басқа да байланыстар болмаған заманда ғылымның, шығармашылықтың азабына төзіп, өз қаржысымен алыс-жақын шет елдердің кітапханаларына барып оқып, сол жерлердегі ғалымдармен сұхбаттар құрып, пікір алмасып, қазақ һәм түрік тілді елдердің тарих ғылымы-



на төңдессіз еңбек сіңірген ғалым, келесі жылы 180 жылдық мерейтойы аталып өтетін Құрбанғали Халидтың есімі Аягөз қаласындағы Қалалық көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясына берілсе деген ұсынысқа АйбекНұғымаров: «Құрбанғали Халидиді туған жерінде ұлықтау - біздің борышымыз», - деп қолдау көрсететінін айтты.

«Ақтабан шұбырынды - Алқакөл сұлама» заманның соңында қалмақтар Шыңғыс таудағы Шаған өзені бойындағы Қоңыруиле үңгірінің жанындағы тас қалмаға бекініп алып, қазақ әскерін от қарумен қырып, бет қаратпайды. Қаншама батырлар шабуылдап жеңе алмай, хан Абылайдың амалы таусылғандай күй кешеді. Ханның ұсынысымен Қабанбай мен Ер Еспенбет бастаған шағын әскер қалмақтардың шебін бузып, бекінісінен қуып шығып, қазақ қолын жеңіске жеткізеді.

Батырдың мекені Аягөз қаласының маңында болса да, есімі ұлықталмай жатыр. Ақыл-парасатымен, тапқырлықпен, ерекше мергендігімен ел есінде қалған Еспенбет батырдың атына аудан орталығындағы оңтүстік әскери қалашықтарғы №4 мектептің атын берсе, әділ шешім болар еді. Айбек Нұғымаров Ер

Еспенбет батырдың ерліктерінен хабардарлығын айта келе бұл ұсыныстың да орынды екенін айтты.

Кең-байтақ қазақ даласын оңай олжа қылғысы келген Ресей мен Қытай Жоңғар империясына отты қару беріп, біздің елге айдап салғаны белгілі. Арыдан ойластырылған басқыншылықтың кесірінен сол заманда халқымыздың үштен екісі қырылып, жеріміздің жартысынан айырыла жаздадық. Қалмақ қолымен қырық жылдан аса бел шешпей соғысып, қасиетті жерімізді қасық қан қалғанша қорғаған батырлардың ерліктерін ел есінде жаңғыртып отырғанның артықтығы болмайды. Сондай батырлардың бірі де бірегейі – Қазымбет Құттымбетұлы.

Қазымбет батыр Құттымбетұлын ұлықтау мемлекетшілдік сана қалыптастырудың оңтайлы жолы болмақ. Заманымыздың ақтангер эпик ақыны Несіпбек Айтұлы:

Біздер үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз, Қорғамасақ, несің ұл боп туғанбыз?! Кеудеңдегі жалғыз жүрек секілді,

Қазақ үшін Отан жалғыз, Ту жалғыз! – деп «Ту» атты поэма арнаған. Ақын осы дастанында Қазымбет батырдың Ақшәулі тауының бауырында қытай-қалмақтың біріккен әскерлерімен болған шешуші шайқаста қатты жараланса да ат үстінде қаққан қазықты қасқайып отырып, Қазақ ордасының Туын жықпай қаза болғанын тебірене жырлаған.

Аягөз қаласының бір көшесін және № 5 жалпы орта білім беретін мектепті отаншылдық пен ар-намыстың символы болған Қазымбет батырдың атымен атау орынды болар еді.

Қазақ хандығы мен қалмақ-қытай арасындағы біздің өліміз үшін мән-маңызы зор «Мамыр су» бітімі туралы Құрбанғали Халид «Тауарих Хамса» кітабында: «1757 жылы Қытайдың Ижн ханы атынан Қара Дүрчун деген Құлжадан көп әскермен шығып, жапа көрген қалмақтан 2 000-дай адам алып, екі жақтың ортасына Аягөз өзенінің етек жағы – Батпақ су жеріне түсіп, Абылай ханға елші салады. Абылай да мыңнан аса қолмен келіп, Батпақ су бойында бітім жасасты. Көк қасқа айғыр мен қара бас қошқар сойылды, қолдарын қанға батырды. Шарт бойынша өткен іс кешірім болып, құн, мал дауы болмайды, қазақ пен қалмақ бір-біріне зияны тимейтін болды деді. Содан былай суды халық «Мамыр су», Абылайға «ижн» аты берілді. «Ижн» моңғол тілінде «хан» ата-

ғы, демек Абылайдың билігін – хандығын қалмақ пен қытай да мойындаған болып шығады. Ал қазір Қасабай бейіт деген жер сол көк қасқа сойылған төбе деседі. Бұлардың ғұрпы бойынша келісім қағаз, мөрмен емес, қолдарын қанға малумен, яғни осы шартқа қол қарсы болса, денесі қанға батсын, жанын құдай атсын, мәңгі тамұқта жатсын деген қарғыс келісім жасалған», -- деп жазылған.

«Мамырсу бітімі» жасалған жерге осы келісімнің тарихи-саяси мәнін ұрпаққа таныту үшін ескерткіш қою қажеттігін алаштанушы Тұрсын Жұртбай бастаған ғалымдар бірнеше рет айтап болатын. Бұл ескерткіш қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің бір белгісі болар еді.

Айбек Нұғымаров ескерткіш қою туралы ұсынысты да құптап, жоғарыда аты аталған тарихи тұлғалардың есімдері «Тарихи тұлғалар тізіміне» кірген-кірмегенін облыстық құзырлы мекемелер арқылы анықтап, аталған тізімге кірмеген тұлғаларды тізімге тездетіп кіргізу керектігін айтты. Аудан әкімінің орынбасары Өмірбек Бекбаев мәдениет бөлімінің басшысы М. Түсіпов пен ономастика саласы бойынша маманға қоғамдық кеңес мүшелерімен осы ұсыныстар бойынша кеңес өткізуге тапсырма берді.

«Он екіде құрсаңып, Қылыш ілдім білекке» деген жырау, батыр, қолбасшы, мәмілегер Ақтанберді жыраудың 1675 жылы туғаны тарихи деректерден белгілі. Жастайынан ел мен жерді қорғауға белсене араласқан жауынгер жырау жеріміз Жоңғар басқыншыларынан азат етілгеннен кейін, Шыңғыстаудың бауырына қоныстанып, жаз жайлауы Қарақол өзенінен тоған тартып, ел іргесін бекіту үшін көшпелі қазакты отырықшылыққа баулып қоршап отырған.

Абай ауданының Құндызды ауылында туып-өскен Айбек Нұғымаров туған жерінде осы аудандағы Жүрекадыр төбесінде мазары тұрған Ақтанберді жырау атына спорт көшесін салып, ескерткіш қойғаны белгілі. Аудан басшылығына келгеннен азамат келер жылы жазда биыл аталмай қалған Ақтанберді жыраудың 350 жылдық мерейтойын өткізу жоспарлануы отырғанын жеткізді. Аягөз қаласының Қуаныш шағын ауданында жаңадан салынған 600 орындық мектепті Ақтанберді жыраудың есімімен атау да жоспарла бар екенін айтты.

Жас ұрпақ ұлтжанды болып өсуі үшін өз елінің тарихын білуі тиіс, ел үшін еңіреп өткен ерлердің есімін жадында берік ұстауы керек. Алдымен өзінің тілі мен тарихын кастер тұтса, содан рухтанады. Сонда ғана мемлекетшіл тұлғаны тәрбиелей аламыз. Еліміздің болашағы жарқын болары хақ.

**Ерміс НҰРҚАСЫМ,
Аягөз қаласы**



Бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі – халықтың денсаулығын сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру сала мамандарының өз ісіне зор жауапкершілікті артырады. Бұл мақсатқа жетудің ең маңызды жолы – сапалы әрі қауіпсіз тағаммен қамтамасыз ету. Өйткені адам ағзасына қажетті қоректік заттар таза әрі қауіпсіз өнімдер арқылы ғана жеткізіледі. Сондықтан тағам қауіпсіздігі – ұлт денсаулығы мен ел болашағының кепілі деп айтуға толық негіз бар.

ТАҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Осы тұрғыдан алғанда Семей қаласындағы Шәкәрім университетінің «Тамақ технологиясы» кафедрасының «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша жаңа сапада тұтынушылар үшін ауқымды жұмыстар мен жоспарларды жүзеге асырып келеді.

Қазақстан Республикасының «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңында тағам сапасы мен қауіпсіздігі мемлекет, өндіруші және тұтынушының ортақ жауапкершілігі ретінде қарастырылған. Адам өміріне қауіп төндірмейтін сапалы тағамдарды тұтынушыларға жеткізу мен пайдаға асыру аталған жоғары оқу орнының оқытушылары мен студенттерінің басты міндеті болғандықтан жалпы алғанда тағам қауіпсіздігі – ортақ жауапкершілікті жүктейді. Осы маңызды міндетті жүзеге асыруда тағам инженерлері мен технологтардың еңбегі ерекше. Олар шикізаттан бастап дайын өнімге дейінгі әрбір сатыны қатаң бақылауда ұстап, тұтынушыға экологиялық таза әрі сапалы өнім ұсынуға атсалысады.

Тағам инженериясы – ғылым мен тәжірибенің тоғысқан тұсы болғандықтан Шәкәрім университеті даярлайтын «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша білім алған студенттер, осы бағыттағы болашағын бағдарлап, өздерін теориялық тұрғыда жетілдіріп, кәсіби сауаттылықтарын көтеруде жаңа мүмкіндіктерді молынан пайдаға жаратады. Бұл салада білім алатын студенттер тағам өндірісінің технологиялық процестерін меңгеріп қана қоймай, тамақ өндірісі мен өнім сапасын талдау мен ажыратуды халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сай игеріп, әлемдік тәжірибелерді пайдалана отырып жұмыс істеуді үйренеді.

Оқу процесі заманауи зертханаларда өтетіндіктен, бұл студенттерге практикалық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. «Тамақ өнімдерін физика-химиялық әдістермен талдау» Әмірханов Құмарбек Жүнісбекұлы атындағы зертханасында бакалаврлар мен магистранттар зертханалық жұмыстарын жүргізеді. Зертханада инфрақызыл спектрометр, лактонометр, структураметр сияқты заманауи жабдықтар қойылған, олар тағам өнімдерінің құрылымы мен құрамын жоғары дәлдікпен талдауға мүмкіндік береді. Студенттер тек зертханалық тәжірибе арқылы ғана емес, сонымен қатар өндірістік алаңдарда дуальды білім алып, нақты өндіріс жағдайында жұмыс жасау машықтарын дамытады. Мұнда олар экологиялық таза өнім өндіру, табиғи шикізатты тиімді пайдалану және инновациялық технологияларды енгізу бойынша тәжірибесін жетілдіреді, бұл сапалы және заманауи технология мамандарын қалыптастырады.

Қазіргі тағам өндірісін инновациясыз елестету еш мүмкін емес. Вакуумдық кептіру, пастерлеудің жаңа тәсілдері мен жолдары, биотехнологиялық әдістер мен ақылды орау жүйелері – өнімнің табиғи қасиетін сақтап қана қоймай, жарамдылық мерзімін ұзартатын тиімді шешімдерге бастайды. Шәкәрім университеті қабырғасында осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары ұдайы жүргізіліп, студенттер жаңа идеяларды игеру барысында тәжірибелер дәлелдеп сынақтан өткізеді.

Шәкәрім университетінің «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасын таңдау – бұл тек болашаққа сенімді қадам ғана емес, елдің ертеңіне бағытталған тамаша таңдау болмақ. Аталған жоғары оқу орнының сізге білім беріп қана қоймай, өз ісіңіздің білікті маманы болуға жол ашып, қоғамға пайда әкелетін толыққанды тұлға болып қалыптасуға мол мүмкіндіктер беретін білім мен ғылым құштар орта.

А. ӨТЕГЕНОВА
Тамақ технологиясы кафедрасының
ассоц. профессор, м.а.

ДЕНІҢІЗ САУ БОЛСА ДА, ЕМХАНАҒА НЕ ҮШІН БАРУ КЕРЕК?

**Кейбір азаматтар қандай медициналық қызметтерді те-
гін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК)
және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС)
аясында алуға болатынын білмейді. Ал емханаға тіркелу
арқылы көптеген медициналық қызметті алып, қаражатты
үнемдеуге болады. Осы жайлы толығырақ қарастырайық.**



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында емханаңызды білудің қаншалықты маңызды әрі тиімді екенін тағы бір мәрте еске салады.

«Азаматтардан келіп түсетін өтініштердің басым бөлігіне зер салсақ, олардың көпшілігі қай қызметтердің сақтандырусыз көрсетілетінін, қайсысы МӘМС пакетіне кіретінін білмейді. Шын мәнінде емханада профилактикалық тексеруден бастап күрделі операцияларға дейін көптеген қызмет түрін алуға болады. Егер өз құқығыңызды біліп, тіркелген емханаңызға жүгінсеңіз, мұның бәрі тегін көрсетіледі», – деді ӘМСҚ баспасөз қызметі.

ҚАЙДА БАРУ КЕРЕК?

Медициналық қызметтерді пайдалану үшін ең алдымен өз емханаңызды және учаскелік дәрігеріңізді білу маңызды.

Егер сіз бұрын-соңды емханаға бармаған болсаңыз, тіркелген медициналық

ұйымды eGov.kz порталындағы жеке кабинеттен немесе eGov Mobile мобильді қосымшасынан біле аласыз.

Кейбір өңірлерде (мысалы, iKomek) анықтама қызметтері бар, олар сіздің тұратын мекенжайыңызға сәйкес келетін медициналық ұйымды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл туралы өңірлік денсаулық сақтау басқармаларынан да кеңес алуға болады.

Айта кетейік, қажет болған жағдайда – жылына екі рет өз қалауыңыз бойынша, сондай-ақ тұрғылықты жерді ауыстыруға байланысты немесе тіркеу кампаниясы кезінде емхананы ауыстыруға болады (толығырақ <https://zan.gov.kz/client/#/doc/148575/rus>). Бұл қызмет eGov.kz порталы арқылы көрсетіледі.

БҰЛ – НЕГІЗГІ МИНИМУМ

Қай емханаға тіркелгеніңізді білген соң, сол жерге жүгініп, қажетті медицина-

лық көмекті ала аласыз.

Әр тіркелген азамат жыл сайын өз емханасында профилактикалық тексеруден өтуге құқылы. Бұл ауруларды ерте кезеңде анықтауға және денсаулықты сақтауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен – флюорография. Ол өкпе ауруларын ерте анықтау үшін жылына бір рет жасалады.

Сонымен қатар, жыл сайын дәрігерге дейінгі тексеру кабинетіне бару қарастырылған. Онда артериялық қысым, қандағы қант мөлшері, бой, салмақ және көру өткірлігі өлшенеді. Егер сіз медициналық ақпараттық жүйенің мобилді қосымшасын пайдалансаңыз, учаскелік дәрігерге жазылмас бұрын осындай кабинетке бару қажеттілігі туралы хабарламалар алып жүрген боларсыз. Бұл кабинетке жолдама да, алдын ала жазылу да қажет емес, қызмет көрсету әдетте кезекпен жүзеге асырылады.

Әйелдер міндетті түрде алдын ала қаралу кабинетіне бару керек. Онда профилактикалық тексеру жүргізіліп, шағымдар туралы сұралады, онкоцитологияға жағынды алынады және жалпы әйелдердің денсаулық жағдайы бағаланады.

Сонымен бірге жасына байланысты ерлер мен әйелдерге, шағымның бар-жоғына қарамай көрсетілетін маңызды медициналық қызметтердің бірі – скринингтік тексерулер. Олар жүрек-қан тамырлары, онкологиялық және басқа да ауруларды ерте кезеңде анықтауға бағытталған.

Айта кетерлігі, осындай тексерулерден тұрақты түрде өту мәселелерді уақытылы анықтап, асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі

Ресми сайт – <https://msqory.kz/ru/>
Youtube-канал – https://www.youtube.com/msqory_kz
Telegram-канал – <https://t.me/medsaqtandyru>
Facebook – <https://www.facebook.com/msqory/>
Instagram – https://www.instagram.com/msqory_kz/

«Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 29-бабына сәйкес ағымдағы жылы Абай облысының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2026-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленуде.

Тыңдау 2025 жылы 29 желтоқсанда сағат 10:00-де өтеді. Қатысушыларды тіркеу сағат 09:30-да басталады. Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдауларды өткізу орны: Семей қ., мекенжайы: Тұрлыханова 30.

Сондай-ақ, ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция форматында қоғамдық тыңдауларға қосылу мүмкіндігі бар. <https://us05web.zoom.us/j/82289038537?pwd=8WIXHbCq5o5YhR4dV9ftaWPXg8HwM3w.1>
Конференция идентификаторы: 822 8903 8537
Кіру коды: 0etXs0

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Заңды мекен-жайы: Семей қ. Тұрлыханов 30, тел.: 8 (7222) 35-44-32, +7(707)7514558.

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған <https://hearings.ndbcology.gov.kz/Discussion/DisHearings>, СОС «ҰБД сайтында және т. б. «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша қағаз немесе электрондық нысандағы ескертулер мен ұсыныстар «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қабылданады. Тұрлыханов 30 мекенжайы бойынша Семей, тел.: 8 (7222) 35-44-32, +7(707)7514558.

Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі электрондық мекен-жайлар және телефондары бойынша сұратуға болады: uprigr.abay@akimatabai.gov.kz, тел:8(7222)35-44-32, +7(707)7514558.

ЖАРМА

Жарма аудандық тарихи-өлкетану музейінде Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы және Жұмысшы мамандықтар жылы аясында әкімшілік-аумақтық округтер арасында «Кәсіп пен өсиет» атты танымдық квест-ойыны ұйымдастырылды.

«КӘСІП ПЕН ӨСИЕТ» КВЕСТ-ОЙЫНЫ ӨТТІ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tany»



Шараның мақсаты – жастардың зияткерлік әлеуетін арттыру, командалық бірлікті нығайту және Абай мұрасын заманауи форматта дәріптеу. Қатысушы командалар бірнеше кезеңнен тұратын сайыста өз білімдерін, жылдамдығы мен тапқырлықтарын сынады. Жарыс нәтижесі бойынша I орын – Бірлік ауылдық округі, «Тек қана қыздар» тобына бұйырса, II орын – Қаратөбе ауылдық округі, «Квест шеберлері» тобына ал, III орынды – Божғұр ауылдық округі, «Болашақ» тобы иеленді.

Аталған сайыста жүлделі орындардан бөлек, арнайы номинация иегерлері де марапатталды. Атап айтқанда «Жеңіске деген жігері үшін» – Аршалы ауылдық округінің, «Өрлеу» командасы, «Ең жүйрік команда» – Жаңғызтөбе кенті, «Өнерлі өркен» тобы және «Квест батырлары» – Шар қаласы, «Парасат паракхтары» тобына бұйырды. Танымдық шара қатысушыларға ерекше эмоция сыйлап, логикалық ойлау мен топтық ынтымақтастықты арттырды.

Сайысты өткізуге демеушілік көрсеткен «Арыс» дүкенінің иесі Манира Рысбекке, сондай-ақ қолдау білдірген Назигүл Қабылаева мен Динара Рамазановаға ұйымдастырушылар атынан шынайы алғыс білдіріледі.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - ОРТАҚ МІНДЕТ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ ДА, ҚОРҒАУ ДА ҚАЖЕТ

Жарма ауданының Шар қаласында жастарды толғандырған өзекті мәселелерді талқылауға бағытталған тағылымды кездесу өтті. Шараны қалалық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырып, оған қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары, аудандық прокуратура мен полиция бөлімінің мамандары, медицина қызметкерлері және мәслихат депутаты қатысты.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tany»

Кездесу қалалық мәдениет үйінде өтіп, жас буынның өмірлік таңдауларына әсер ететін ең маңызды тақырыптар жан-жақты қамтылды. Ұйымдастырушылар күн тәртібіне бүгінгі қоғамда жиі кездесетін проблемаларды – лудомания, нашақорлыққа қарсы күрес, репродуктивті денсаулық, ата-анамен қарым-қатынас, жастар арасындағы жіктелу, зорлық-зомбылық пен буллингтің алдын алу мәселелерін ұсынып, жан-жақты талқылады. Спикерлер әр тақырыпты терең талдап, нақты мысалдар мен құқықтық түсіндірулер келтіріп, жастар-



ды саналы шешім қабылдауға шақырды. Аудандық прокуратура мен полиция қызметкерлері құқықбұзушылықтың салдары, интернеттегі қауіпсіздік, кибербуллингтің өршуі туралы сөз қозғап,

зақ алдындағы жауапкершілікті түсіндірді. Медицина мамандары жасөспірімдердің денсаулығын сақтаудың маңызын атап өтіп, зиянды әдеттердің ағзаға ұзақ мерзімдік әсері жайлы кеңінен

ЕҢБЕК АДАМЫ МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!

Қоғамда әр мамандықтың өз орны, өз ерекшелігі бар. Соның ішінде әлеуметтік қызметкер мамандығы – ең ізгі, ең жауапты салалардың бірі. Бұл мамандық иесі әр күнін көмекке мұқтаж адамдарға арнап, олардың өміріне жылылық пен сенім сыйлайды.

Осындай абыройлы істі өз өмірлік жолына айналдырған жандардың бірі – Зинаят Айтбекқызы. Ол 2020 жылдан бастап Абай облысы Семей қаласының №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және белсенді ұзақ өмір сүру орталығының, үйде қызмет көрсету бөлімінде еңбек етіп келеді.

Тәжірибесі мол маман өз жұмысын сүйіспеншілікпен атқарады. Оның басты міндеті – жалғызбасты қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мәдени-тұрмыстық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету. Күн сайын ол қызмет алушылардың үйлеріне барып, тұрмыс жағдайын жақсартып, қажетті көмектерін көрсетеді, жылы сөзбен дем беріп, олардың көңілін көтереді.

Зинаят Айтбекқызы үшін бұл тек жұмыс қана емес – барынша берілген жүрек ісі. Ол әр адамның тағдырына бейжайлық танытқан емес, қайта шынайы қамқорлықпен қарайды. Өзінің мейірімділігі мен жауапкершілігінің ар-

қасында қызмет алушылардың да, әріптестерінің де алғысына бөленіп жүр.

«Мен үшін ең үлкен қуаныш – менің көмегіме мұқтаж адамның жүзіне күлкі ұялап, өмірге деген сенімі артса болғаны. Осы сәттер менің мамандығымның шынайы мәнін көрсетеді», – дейді Зинаят Айтбекқызы.

Аз уақыттың ішінде-ақ өз кәсібін жоғары деңгейде атқарып, тәжірибелі маман ретінде танылған ол – нағыз еңбекқорлық пен адамгершіліктің үлгісі.

Шынында да, әлеуметтік қызметкер болу – жүректің таңдауы. Бұл мамандықты мақтан етпей тұра алмайсың. Себебі әрбір істелген іс, әрбір көрсетілген көмек – адам өмірін жақсартуға бағытталған игі қадам.

«Менің мамандығым – мақтанышым!»

Бұл сөздер Зинаят Жұманбаева сынды адал да мейірімді мамандардың өмірлік ұстанымына айналған.



А. АЗБЕРГЕНОВА,
Абай облысы Семей қаласының
№3 Арнаулы әлеуметтік қызметтер
көрсету және белсенді ұзақ
өмір сүру орталығының
№10 бөлімшесінің меңгерушісі

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

Директор – Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА
Бас редактор – Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ
Редактордың орынбасары – жауапты хатшы Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz
www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № K249VPY00121173, 05.06.2025 ж.
Газет «АБАЙ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный» дейжест агенттігі» ЖШС (Семей қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет – сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада – 8 776 740 87 21, Бесқарағайда – 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қатылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20820



Көзекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ